

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

НАЗАРБЕКОВА УЛДАР КОШКАРОВНА

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстылығының алдын-алу мәселелері

«7М12303-Құқық қорғау қызметі»(ғылыми және педагогикалық бағыт) білім
беру бағдарламасы бойынша
Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға арналған
магистрлік диссертация

Ғылыми жетекші:
Арнайы заң пәндері
кафедрасының меңгерушісі,
заң ғылымдарының кандидаты,
аға әділет кеңесшісі
_____ Н.Ш.Жемпиисов

Магистрант _____ Ұ.Қ. Назарбекова

Қосшы, 2021 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Диссертациялық зерттеу жұмысы кіріспеден, негізгі екі тараудан, алты бөлімнен, қортындыдан және пайдаланылған деректер тізімінен тұрады.

Ғылыми жұмыстың маңыздылығы зерттеудің негізгі тұжырымдары мен қортындылары, атап айтқанда зорлық-зомбылық әрекетінен туындаған әйел адамдарының қылмыстары, және де олар жасаған қылмыстардың криминологиялық айырмашылықтары; әйелдердің қылмыс жасаудағы агрессияларының жоғары болу сипаттарының жағдайы мен динамикасы; әйел адамдар жасаған қылмыстарының жалпы әлеуметтік және арнайы криминологиялық алдын-алу шараларын ұйымдастырудағы қиындықтарын шешу болып табылады. Ғылыми зерттеу нәтижесінде әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын-алуға бағытталған шараларды заңдастыру ұсынылады.

РЕЗЮМЕ

Диссертационная исследовательская работа состоит из введения, двух основных глав, шести разделов, заключения и списка использованных источников.

Значимость научной работы состоит в том, что основными выводами и выводами исследования являются, в частности, преступления женщин, вызванные насильственными действиями, а также криминологические различия совершенных ими преступлений; состояние и динамика характера высокой агрессивности женщин в совершении преступлений; решение трудностей в организации общесоциальных и специальных криминологических профилактических мероприятий преступлений, совершенных женщинами. В результате научного исследования предлагается узаконить меры, направленные на предупреждение насильственных преступлений женщин.

RESUME

The dissertation research work consists of an introduction, two main chapters, six sections, a conclusion and a list of sources used.

The significance of the scientific work lies in the fact that the main conclusions and conclusions of the study are, in particular, the crimes of women caused by violent actions, as well as the criminological differences of the crimes committed by them; the state and dynamics of the nature of high aggressiveness of women in committing crimes; the solution of difficulties in organizing general social and special criminological preventive measures of crimes committed by women. As a result of the scientific research, it is proposed to legalize measures aimed at preventing violent crimes against women.

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6-11
1. ӘЙЕЛДЕРМЕН ЖАСАЛАТЫН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	
1.1 Қазіргі қоғамдағы әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстылығының ұғымы, түрлері және девианттық белсенділігі	11-22
1.2 Әйелдердің девианттық және қылмыстық мінез құлқына тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлардың әсері	22-42
1.3 Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстылығының қылмыстық-құқықтық мінездемесі	42-49
2. ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН ЖАСАЙТЫН ӘЙЕЛДЕР ТҮЛҒАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ	
2.1 Зорлық-зомбылық қылмыстарын жасаған әйелдер тұлғасына криминологиялық талдау. Қылмыстарды жасау жағдайлары (криминологиялық-виктимологиялық мінездеме)	50-62
2.2 Зорлық-зомбылық қылмыстарын жасаған әйелдердің типологиясы және жіктелуі	62-70
2.3 Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстылығының алдын-алу мәселелері. Шаралардың түрлері	70-88
ҚОРЫТЫНДЫ.....	88-93
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ	93-96
ҚОСЫМШАЛАР.....	97-103

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

сексология - (лат. *sexus* "жынысы" және т.б. - грек. *λόγος* "ілім") — адамның сексуалдылығының барлық көріністерін, соның ішінде қалыпты сексуалдылықты сипаттау әрекеттерін және парафилия (немесе жыныстық ауытқулар) деп аталатын жыныстық тәжірибенің өзгергіштігін зерттеуді зерттейтін ғылыми пән;

виктимология - (лат. *victima* "құрбан" + басқа грек. *logos*-ілім) - қылмыс құрбандарын зерттеу;

спекуляция - жалпы ғылыми, философиялық мағынада-эмпирикалық фактілер туралы пікірталасқа қарама-қайшы, дерексіз, алыпсатарлық ойлау;

хипесник-бұл серіктестерін үйге шақырып адамдардан ұрлық жасайтын ұрылар;

психосексуалдық даму - (ағылш. *psychosexual development*) - жыныстық өзіндік сананы, жыныстық рөлді және психосексуалдық бағдарларды қалыптастыру процесі;

инфантилизм - (лат. *infantilis* — балалар) - дамудың жетілмегендігі, алдыңғы жас кезеңдеріне тән мінез-құлықтың немесе физикалық көріністің сақталуы.

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАРЫ

«ҚР» – Қазақстан Республикасы

«КСРО» – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

«ҚР ҚК» – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі

«ҚР ҚПК» – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі

«ҚР БП» – Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы

«ҚР ҚАК» – Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі

«ІМ» – Ішкі істер министірлігі

«РФ» – Ресей Федерациясы

«АҚШ» – Америка құрама штаттары

«БҰҰ» – Біріккен Ұлттар Ұйымы

«ФСБ» – Федералдық қауіпсіздік қызметі

«ҚҚМ» – Қоғамдық қауіпсіздік мекемелері

«т.б.» – тағыда басқа

«ж.» – жыл

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі: Қазақстан Республикасында жасалынған қылмыстар санының азайғанымен, олардың ішінде зорлық-зомбылық сипатындығы ауыр қылмыстар жасаған ерлер мен қатар әйел адамдарының қылмыстары санының жылдан-жылға артып кележатқандығы байқалады.

Соңғы жылдардағы елімізде жасалынған қылмыстық құқықбұзушылықтар статистикасына көз жүгіртетін болсақ, 2017 ж.-115 682 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 14 841 қылмыстық құқықбұзушылық, 2018 ж.-108 290 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 13 005 қылмыстық құқықбұзушылық, 2019 ж.- 99 508 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 12 084 қылмыстық құқықбұзушылық, 2020 ж.-76 519 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 9 824 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынған. Яғни жылдан жылға жасалынған қылмыстық құқықбұзушылық саныныңда, оның ішінде әйелдермен жасалынған қылмыстық құқықбұзушылық саныныңда азайғандығын көре аламыз. Әрине бұл көрсеткіш қуантарлық жағдай.

Дегенмен, 2019 жылғы зорлық-зомбылық сипатындағы ауыр қылмыстар санатындағы қылмыстарды жасаған тұлғалардың саны 2020 жылға қарағанда 29,19% артқан (*2019 жылы тұлғалармен 12 576 зорлық-зомбылық сипатындағы ауыр қылмыстар жасалынған болса, әйелдермен жасалғаны-1 407, ал 2020 жылы тұлғалармен 16 247 ауыр қылмыстар жасалынған болса, әйелдермен жасалғаны-1 839*) [1].

Соңғы жылдары ҚР ҚК-ның 99-бабында көрсетілген қылмыстарды жасауда әйелдердің де еркектермен салыстырғандағы үлестік салмақтарына назар аударсақ, әйелдер де бұл қылмыс түрін жасауда белсендік танытуда. Мәселен, 2017 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,22% ерлерге тиесілі болса 11,78% әйелдерге тиесілі болған. 2018 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,53% ерлерге тиесілі болса 11,47% әйелдерге тиесілі болған. Ал 2019 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 89,46% ерлерге тиесілі болса 10,54% әйелдерге тиесілі болған. Сонымен қатар 2020 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,62% ерлерге тиесілі болса 11,38% әйелдерге тиесілі [1, 26].

ҚР ҚК-нің 99-бабында көрсетілген қылмыстарды жасаған әйелдердің қылмыстық іс материалдарын зерделей келе, 2020 жылы (2019 жылы 70 қылмыстың-38) аталған баптағы көрсетілген 74 қылмыстың 47-ін әйелдер алкогольді масаң күйде жасағанын анықтадық.

Соңғы уақытта өмір сүру жағдайының өзгеруіне, әлеуметтік-экономикалық проблемалардың шиеленісуіне, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне байланысты зорлық-зомбылық қылмыстарының, атап айтқанда, жаңа туған баланы анасының өлтіру оқиғалары да белең алып келе жатқаны да байқалады.

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстарының құрылымы салыстырмалы түрде қарапайым және елеусіз болып көрінгенімен, мәселені мұқият қарастырғанда, бұндай әреттер бірқатар жағымсыз құбылыстар өрескел және дөрекі түрде жасалады, әйелдердің мұндай мінез-құлқы қоғамға, отбасына теріс әсер етеді.

Әйелдерге жағымсыз макро және микроәлеуметтік әсерлер көбінесе олардың девиантты белсенділігінің қалыптасуына, сондай-ақ ауыр зорлық-зомбылық түрінде көрінетін ауыр қылмыстық агрессияға ықпал етеді. Әйелдерде агрессивті қылмыстық әрекеттерді жүзеге асыру алкоголь немесе есірткі түріндегі жеке тұлғаның өзгеруімен қатар қоғамға қарсы көзқарастарға айтарлықтай ықпал етеді.

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысының көптеген зерттеулері жеке тұлғалық ерекшеліктер, психикалық ауытқулар, және қылмыстық әрекет арасындағы өзара әрекеттесудің әртүрлілігі туралы айтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, зорлық-зомбылық пен әйелдердің девиантты белсенділігі мәселесі өте өзекті болып отыр. Осы саладағы жұмыспен қамту тапшылығын жою практикалық және ғылыми мәселелерді шешуге қызмет етеді.

Диссертациялық зерттеудің объектісі болып, әйел адамдарының зорлық-зомбылық әрекеттен туындаған қылмысын, әлеуметтік қатынастардың ара-қатынасы мен мағынасын анықтайтын, қоғамдағы тұлғалардың белсенділік танулары және де заңсыз әрекеттері сонымен қатар, әйелдердің зорлық-зомбылық әрекеттерінен туындаған қылмыстарын зерделеу, осы тектес қылмыстардың алдын-алу шараларын толыққанды реттейтін объективті тұрғыдағы заңдылықтардың жинағы болып табылады.

Диссертациялық зерттеудің заты болып, зорлық-зомбылық әрекетінен туындаған әйел адамдарының қылмыстары, және де олар жасаған қылмыстардың криминологиялық айырмашылықтары; әйелдердің қылмыс жасаудағы агрессияларының жоғары болу сипаттарының жағдайы мен динамикасы; әйел адамдар жасаған қылмыстарының жалпы әлеуметтік және арнайы криминологиялық алдын-алу шаралары табылады.

Зерттеу тақырыбының даму дәрежесі. ҚР-да диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша жұмыстар жоқтың қасы, ал шет мемлекеттерде көптеген жұмыстар жарық көрді, бірақ олардың негізгі бөлігі 1985-1995 жж. (Н.А. Аверина, М.Антонян, А.А. Габиани, М.Н. Голоднок, В. П. Голубев, Ю. Н. Кудряков, В. А. Серебрякова, В. Н. Зыранов, З. Старович, с. Feinman, F. M. Heidensohn және т. б.) басылып шығарылған.

Соңғы жылдардағы шет мемлекеттердің еңбектерінде әйелдердің агрессивтілігі негізінен оның психологиялық немесе сот-психиатриялық аспектілерінде көрінеді (Дмитриева, К. Л. Иммерман, М.А. Качаева, Л. В. Романенко, В.П. Кутина және т. б.)

Криминологиялық әдебиеттерде бас бостандығынан айыру орындарындағы әйелдер жасаған зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын-алу мәселесі практикалық тұрғыдан жеткіліксіз көрсетілген.

Осылайша, осы және басқа да бірқатар жағдайларға байланысты, әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысы толық зерттелмеген күйінде қалған. Бұл дегеніміз әйелдердің қылмыстық зорлық-зомбылық құбылысын одан әрі жан-жақты зерттеу қажеттілігін анықтайды.

Осы зерттеудің мақсаттары:

- әйел жынысты адамдардың зорлық-зомбылық қылмысына кешенді криминологиялық талдауды жүзеге асыру;

- әйелдердің қылмыстық және девиантты мінез-құлқының негізінде жатқан негізгі тетіктерді анықтау;

- зорлық-зомбылық қылмыс жасағаны үшін сотталған әйелдерге қатысты жазаларды орындау кезіндегі қайталама қылмыстарды жасаудан алдын-алу шараларын белгілеу;

- жеке басын криминализациялаудың алдын-алу мақсатында әйелдердің бейәлеуметтік мінез-құлқын түзету әдістері мен тәсілдерін тандауды зерделеу.

Зерттеу мақсаттарына жету үшін келесі міндеттерді шешу ұсынылады:

- ҚР-дағы әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысының қазіргі жай-күйін зерделеу;

- әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстық мінез-құлқының негізгі үрдістері мен доминанттарын анықтау;

- девиантты белсенділіктің, психикалық патологияның және әйелдердің зорлық-зомбылық әрекеттерінің ерекшеліктерін зерттеу;

- әйелдер жасаған зорлық-зомбылық қылмыстарының криминологиялық жағдайларын қарастыру;

- зорлық-зомбылық пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын-алу және оларды (сотталғандарды) одан әрі реадaptациялау мақсатында сотталған әйелдерге ықпал етудің криминологиялық және қылмыстық-құқықтық тәсілдерінің өзіне тән ерекшеліктерін зерттеп-қарау;

- әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысының кешенді алдын-алудың неғұрлым тиімді және перспективалы бағыттарын және алдын-алу жүйесінің әртүрлі субъектілерінің қызмет аясын айқындау және тиісті заңнамаға өзгеріс енгізу.

Методологиялық негізгі зерттеу-әлеуметтік құбылыстарды танудың диалектикалық-материалистік әдісі. Зерттеудің бірқатар әдістемелері ғылыми түрдегі әдістерден құралады: тарихи тұрғыда, формальды-логистикалық, бақылап-байқау, жүйелі түрде талдау, болжау, сондай-ақ, зерттеп-зерделеу қолданылды. Зерттеп-зерделеу логикалық бақылаудың және де болжаудың ғылыми әдістерін қолдана арқылы анықтайды. Қылмыстық істер мен басқа да тергеп-тексеру құжаттарының материалдарын талдау әдісі де қолданылды. Сондай-ақ, жұмыс барысында заңдар мен диалектика категорияларының интеграциялық рөлі бар заңнамалық реттеу блогының осы нұсқауларын қамтитын семантикалық қатынастарды талдау негізінде құқықтық реттеуді жүйелі-логикалық түсіндіру әдісі қолданылды.

Зерттеудің теориялық негізі С. В.Бородин, В. Н. Бурлаков, Я. И. Долгова, Е. А. Костыри, С. Ф. Милюкова, Н. Ф. Кузнецова, В. В. Лунеев, Д.В. Ривман, В. П. Сальников, Е. Г. Слуцкий, В. В. Слуцкий, В.П. Кутина және т.б. еңбектерінде әзірленген зерттеу тақырыбындағы қылмыстық құқық, криминология, қылмыстық-атқару құқығы, философия, әлеуметтану, психология, сот психиатриясы және сексологияның жалпы ережелері болды.

Диссертациялық зерттеу жұмысында Ю.М. Антонян, В.П. Кутина және Я.И. Гилинский, В.Н. Кудряцеваның т.б. еңбектерін зерттеу маңызды рөл атқарды.

Зерттеудің эмпирикалық негізі:

- ҚР 2017-2020 жылдарға арналған әйелдер арасындағы зорлық-зомбылық қылмысы туралы статистикалық деректер; ҚР құқық қорғау органдарының зорлық-зомбылық қылмыстары бойынша жылдық талдаулары және қызмет тәжірибесіндегі мәселелер.

Зерттеу нәтижесінің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы, оның ішінде:

- криминологиялық тұрғыдан криминалдық агрессивтіліктің мәні зорлық-зомбылық қылмыстарын жасайтын әйелдердің жеке қасиеті ретінде ашылады, сонымен бірге Қазақстандағы әйелдердің белгілі бір бөлігінің жағдайын сипаттайды;

- әлеуметтік патология нысаны ретінде қылмыстық агрессияға көзқарас анықталды;

- әйелдердің криминалдық агрессиясын қалыптастыру тетіктері және оны іске асыру тәсілдері қаралды;

- зорлық-зомбылық қылмыстарын жасаған әйелдер тұлғасының типологиясы әзірленді;

- криминалдық агрессия механизмінде қылмыскер мен жәбірленушінің өзара іс-қимылына талдау жүргізілді;

- зорлық-зомбылық жасаған әйелдердің мінез-құлықтық ерекшеліктері туралы жаңа мәліметтер алынды.

Бұл зерттеудің практикалық мәні тергеп-тексеруді жүргізу, белгілі бір қылмыстың болғанын анықтау, зорлық-зомбылық әрекеттерін қолдана отырып жасалған қылмыстар бойынша оларға тиесілі жазалардың орындалу жағдайлары, осы тектес яғни қоғамға қауіпті әрекеттерді жасаған әйелдерге қатысты алдын-алу жұмыстарын уақытылы сондай-ақ ғылыми тұрғыда дәлелденген ұсыныстар мен ұсынымдардың тиісінше көрсетіліп берілгендігінде болып отыр. Осыған орай қазіргі таңдағы өз қолданысымыздағы нормативтік-құқықтық базаны қылмыстылықпен күрес жүргізуде бұдан әрі де барынша жетілдіру үшін беріліп отырған ұсыныстарды ескере отырып, заң шығару процессімен бекітіліп, тәжірибеде қолданылуға жатады.

Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:

1. Әйелдерге қарсы, отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтардың болғандығын ескеріп, олардың өздерінің қылмысқа баруын итермелеу фактілері бойынша қолданыстағы отандық Қылмыстық Кодекстің, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән жайлар қатарына яғни 53-бабының 1-бөлігінің 10) тармағына, «жәбірленушінің құқыққа қарсы немесе азғындық мінез-құлқының болуы, сол сияқты оның отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында қылмыстық құқық бұзушылыққа әкеп соққан бірнеше мәрте құқыққа қарсы әрекеттер жасауы» - деген мазмұнда қылмыстық заңнамаға өзгеріс енгізуді ұсыну.

2. Зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын-алу, анықтау, жолын кесу барысында құқық қорғау органдарының жұмысының тиімділігін барынша арттыру мақсатында, оның ішінде отбасылық зорлық-зомбылықтың, отбасылық маскүнемдіктің алдын-алу, балаларды ұрып-соғудан және ата-аналардың қорлауынан қорғауды қамтитын «отбасылық инспекторлардың» лауазымдарын яғни ІІМ-нің қолданыстағы кадр есебінен емес, бөлек жаңадан ұжымдық штат санын көбейту жолымен енгізуді ұсыну.

3. Жазасын өтеуден босатылған адамдарды (әйелдерді) жұмыспен қамтамасыз етудегі (жұмысты бөлу квоталарын орындаудағы) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне ұйымдастырушылық талапты төмендегідей шараларды қолдана отырып күшейту:

- әкімдердің қызметін бағалау рейтингіне жазасын өтеуден босатылған адамдарды (әйелдерді) жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған квоталардың орындалуы бойынша мәліметті енгізу;

- мемлекеттік еңбек инспекторларымен жазасын өтеуден босатылған адамдар (әйелдер) үшін жұмыс орындарының квотасын орындау бөлігінде, оның ішінде профилактикалық бақылау жүргізу кезінде кәсіпкерлік субъектілерімен жұмысын күшейту. Заң нормаларын бұзу фактілері анықталған кезде еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;

- үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру арқылы жазасын өтеуден босатылған адамдарды (әйелдерді) жұмысқа орналастыруға бағытталған шараларды бірлесе (тығыз) жүргізу үшін, мониторингтік топтар құру;

- мемлекеттік еңбек инспекторларына ақпараттарды ұсына отырып, «Электрондық еңбек шарттарының» АЖ-не жазасын өтеуден босатылған адамдар (әйелдер) үшін жұмыс орындары квотасының орындалуын есепке алу және мониторингілеу жүйесін автоматтандыру.

Диссертациялық зерттеудің эмпирикалық базасы. Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының арнайы есеп және құқықтық статистика бойынша Комитетінің мәліметтер базасы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының заңнамалық актілері, сот үкімдері кеңінен қолданылады. Зерттеу нәтижелерінің сыннан өтуі. Зерттеудің негізгі теориялық қағидалары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жаңындағы Құқық қорғау органдары

академиясы арнайы заң пәндері кафедрасының кеңейтілген отырысында талқыланды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ұсыныстары мен нәтижелері ғылыми-теориялық Конференцияларда талқыланды.

Жариялымдар:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Bolashaq» академиясы С.З. Зимановтың 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2020 жыл 15 қарашадағы шығарылым. 174-177 беттер. Тақырыбы «Әйелдердің пенитенциарлық қылмысы туралы»003В

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Тұран-Астана» университетінің ұйымдастыруымен өткізілген С.З. Зимановтың 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2021 жыл 26 ақпандағы шығарылым. 44-47 беттер. Тақырыбы «Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстылығының алдын-алу мәселелері»;

Сондай-ақ, зерттеу тақырыбы аясында қылмыстық заңнамаға өзгеріс енгізу жөніндегі ұсыныстар құқық қорғау органдарынымен талқыланып, бұл бағытағы жұмыстар тәжірибеге енгізілді.

Зерттеу жұмысының құрылымы және көлемі зерттеудің мақсаттарына қол жеткізу үшін қарастырылған мәселелердің мазмұнымен анықталады.

1. ӘЙЕЛДЕРМЕН ЖАСАЛАТЫН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1. Қоғамдағы әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстылығының ұғымы, түрлері және девианттық белсенділігі

Қазіргі кезде қоғамымызда әйелдермен жасалатын зорлық-зомбылық қылмыстары бірнеше айқындаушы белгілерге ие болып отырғандығы бізге мәлім (қылмыстардың сипаты, оның жасалу әдістері, жәбірленушіні таңдау ерекшеліктері, мотивация, жалпы құндылық мәселелерінің иерархиялық құрылымы және т.б.). Соңғы 20 жылдан астам уақыттан бері шет елдік криминологтар әйелдер қылмысын, қылмыстың тәуелсіз құрылымдық элементі ретінде бөліп келетіндігін атап өткен жөн. Мәселен, Ю.М. Антонян әйел қылмысының өзіндік ерекшелігін, белгілі бір қоғамның тарихи және мәдени салт-дәстүрлерімен, әйелдердің әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі жағдайы және алатын орнымен, жеке-жеке және биологиялық қасиеттерімен тікелей байланысты екенін дұрыс атап көрсеткен [2].

Өз кезегінде О.В. Старков, Ю. И. Бытко, А. Ф. Зелинский, А.И. Алексеев, С. И. Герасимов, А. Я. Сухарев және т. б. сияқты ресейлік криминологтар жүргізген көптеген зерттеулер сотталған әйелдердің ерлерге қарағанда түзелуге әлдеқайда аз келетіндігін көрсетеді. Әйел қылмысының сипаттамаларында рецидивистердің жоғары үлесі басым, ұйымдасқан көріністермен,

жәбірленушіге әсер етудің күрделі және қатал әдістерін қылмыстық ортаға олардың енгізілуінде өзгерістер орын алып отыр. Зорлық-зомбылық қылмыстары бостан босқа туындамайды, оны қалыптастыруда әртүрлі факторлар, соның ішінде мінез-құлық ауытқулары, психикалық бұзылулар маңызды рөл атқаратыны анық [2, 511б].

Сондай-ақ, зорлық-зомбылық жасаған әйелдердің мінез-құлықтан бас тартуын үш бағытта қарастыру қажет: әлеуметтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық және психологиялық-психиатриялық (клиникалық). Мінез-құлық ауытқуларын (лат. *Deviiatio*-ауытқу), ол «әлеуметтену-бейімделу – окшаулау» синонимімен алмастыруға болады, девиантты мінез-құлық тұлғаның әлеуметтік-психологиялық мәртебесін білдіреді. Қарастырылып отырған тұжырымдаманы анықтаудың сөзсіз күрделілігі оның пәнаралық сипатына байланысты. Зерттелетін құбылыстың ерекшелігіне байланысты ғылыми әдебиеттерде девиантты мінез-құлықтың әртүрлі классификациясы ұсынылады. Осы орайда, Е.В. Замановская осы зерттеу аясында қолдануға болатын немесе мүмкін девиантты мінез-құлықтың әртүрлі түрлерінің өзіндік жіктелуін ұсынды [3]. Әлеуметтанулық аспектілер мінез-құлық ауытқуларын келесідей қарастырады:

- 1) бұқаралық (қоғамдық) және жеке;
- 2) салдарының маңызы бойынша-теріс және оң;
- 3) субъектісі бойынша –нақты бір белгілі адамдардың немесе бейресми топтардың, ресми құрылымдардың әлеуметтік санаттағы азаматтар;
- 4) объектісі бойынша - тұрмыстық, мүліктік, отбасылық және т.б.;
- 5) ұзақтығы бойынша-біржолғы және ұзақ мерзімді (ұзақ мерзімге созылған);
- 6) бұзушылықтың нақты бір түрі бойынша (белгілі бұзылуға жатанын норманың түрі бойынша) - маскүнемдік, есірткі, жезөкшелік, әдепсіз мінез-құлық, қаңғыбастық, деструктивтік топтарға беріліп кеткен және т.б.

Осы орайда қылмыстылықты девиантты мінез-құлықтың соңғы түрі ретінде қарастырып отырған бірқатар авторларды ескере отырып, біз де осы көзқарасқа қосылып, ұстанамыз.

Осындай ауытқулар әйелдердің қылмыстық белсенділігінің ажырамас бөлігі болып табылатындығын, ал девиантология әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысына ғылыми көзқарастардың шеңберін кеңейтуге мүмкіндік беретіндігіне күмән тудырылмайды. Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысы белгілі бір ерекшелікпен сипатталатын әлеуметтік патологияның өте қауіпті нысаны болып көрінеді, бұл қылмыстардың осы тобын және қылмыстың жеткілікті тәуелсіз элементінің сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Әйелдер жасаған зорлық-зомбылық қылмыстарының арасында бірқатар қылмыстардың алатын орындарына тоқталатын болсақ, мысалға, кісі өлтіру (ситуациялық сипаттағы және отбасылық, тұлғааралық қатынастар саласында жиі кездесетін), анасының өз сәбиін өлтіруі, сондай-ақ, денсаулыққа қасақана зиян келтіру (тұрмыстық, қоғамдық-тұрмыстық қатынастар, қылмыстық қақтығыстар негізінде), тонау, зорлық-зомбылықпен ұштасатын қарақшылық,

зорлық-зомбылық басым әйелдер қылмысы адам қылмыстарының үнемі өсіп келе жатқан үлесімен және ұйымдасқан қылмыстық қоғамдастықтардың пайда болуымен, ерекше қатыгездікпен жасалған қылмыстар санының артуымен сипатталатыны анық.

Әйелдермен жасалынатын кісі өлтіру және денеге зақым келтіру фактілері көп жағдайда отбасындағы тұрмыстық қарым-қатыныстардың салдарынан болып отырады. Осындай жағдайларда алдымен көбінесе қылмыс жасап қойған әйелдің жұбайы немесе бірге отбасында тұратын ер адамның осындай әрекетке әдейі ұрындыратын виктимді мінез – құлқының пайда болулары себепші болады.

Қазіргі таңда әдеттегі әйелдермен жасалатын қылмыстардың қатарында өздерінің жаңа туған нәрестелерін өлтіру қылмысы орын алып отырғандары анық. Көптеген жағдайларда осыларға себеп ретінде заңды түрде некесі жоқ бала көтерген әйелдің аборт жасауға мүмкіндігінің жоқтығын атап өткен жөн. Қоғамда орын алып жатырған бұзақылық ниеттегі қылмыстық әрекеттерін жасайтын әйел адамдардың саны барлық қылмысқа баратын әйелдердің арасында 5-6 құрайды. Көп уақыттарда еркектер сияқты әйел адамдары да алкогольді масаң күйінде бұзақылық әрекеттерін жасайды. Жалпы әйелдер зорлық-зомбылық әрекеттерін қолдана арқылы қылмыстарға барулары олардың спирттік ішімдіктер ішу, психикалық сырқаттарының орын алулары салдарынан қоғамға келеңсіз әрекеттер жасай отырып, барады.

Е.В. Змановскаяның пікірінше «жалпы қылмыстылық дегеніміз бұл салыстырмалы жаппай, тарихи өзгермелі әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық сипатқа ие, белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың жиынтығынан тұратын таптық қоғамның құбылысы. Қылмыстылықтың мынандай көрсеткіштері бар: деңгейі, қарқындылығы, құрылымы, динамикасы, ал қылмыстылықтың деңгейі дегеніміз белгілі бір мемлекетте белгілі бір уақыт аралығында жасалған қылмыстардың абсолюттік саны болып табылады» [4].

Қоғамдағы қылмыскер әйелдердің арасында қанғыбастық өмір салтын ұстанатын әйелдердің үлестері күннен күнге артып отырған, бірақ 1991 жылдан бері бұл келеңсіз құбылыс қылмыстық түрде жазаланатындардың сандар қатарынан алынып, өзгерістер енгізілген. Бұл дегеніміз әйел қылмыстылығы статистикалық есептеріне айтарлықтай әсерін тигізеді. Дейтұрғанмен де, осы тектес қылмыстық әрекеттерді қылмыстардың қатарынан алып тастауды қолайсыз мәселені шешудің басты жолы ретінде қарастыруға болмайтыны анық. Себебі, әйелдер қылмыстылығы жөніндегі статистикалық көрсеткіштері онды жағынан өзгергенімен, бұл құбылыс қоғамға жат құбылыс болып өз тамырын қалдыруда.

Бұл тектес өзгерістердің өзі де бүгінгі таңда да әлеуметтік өзгерістердің біріне айналып, оның ішінде әйелдер қылмыстылығының алар орны негізгі себеп ретінде қарастырылып отыр. Бұл дегеніміз қоғамдағы жиі орын алып отыратын әлеуметтік өзгерістердің өзі міндетті түрде әйелдермен жасалатын қылмыстар санының ерекше сипаты мен көлеміне әсерін тигізіп отырғаны анық.

Атақты криминолог С.Б. Алимовтың зерттеулері бойынша «көп жылдар бойы қылмыстылық статистикасы әйел қылмыстылығының деңгейі ер адамдар қылмыстылығымен салыстырғанда төмен екендігін көрсетіп жүрді. Мысалға, әлемдік белгілеулер бойынша 19 ғасырдың соңында сотталған әйел адамның саны 12% құраған. Ал 20 ғасырдың басында, ер адамдардың әйел адамдарға қарағанда айрықша басымдылығы байқалатын кезеңде қылмыстылықтың жалпы заңдылығы онша өзгермеген. Сотталған ер адамдардың саны 87,7%, ал әйел адамдардың саны 12,3% құрағандығын көрсетеді» [5].

Осы орайда С.С. Остроумовта «Қазақстандағы әйел қылмыстылығының анықтығымен мен объективтігіне қарысты нақты статистикалық мәліметтері туралы айтатын болсақ, олар өткен ғасырдың 60-шы жылдар кезеңінен басталып қарастырылған. Себебі, жалпы одақтық қылмыстық статистиканың мәліметтері тек 1960 жылдары ғана біркелкі және біріңғайландырылған сипатқа ие болды. 1958 жылдың 25 желтоқсанда КСРО мен одақтастық республикалардың қылмыстық заңдарын негіздері күшіне енді. Онда көптеген гуманистік институттардың енгізілгені, бірқатар әрекеттердің қылмыстар қатарынан алынып тасталғаны және қылмыстық жауаптылыққа тартылу жасының 12-ден 14-ке дейінгі жоғарылағаны байқалады. Бұның өзі белгілі бір дәрежеде 1959 жылы қылмыстылықтың қысқаруына әсер еткендігін көрсетеді» [6].

Дей тұрғанмен де, қазіргі кезде жауаптылық көзделмеген кейбір әрекетсіздіктер көптеген уақыттар бойы қылмыстық жауаптылыққа тартылып, белгілі тәртіппен жазаланғандығын көреміз. Әсіресе бұл мәселе құрсақтағы баланы заңға қайшы келетін уақытта алдырып тастау сипатынан көрінді. Тарих көздерінен білетініміз кеңес өкіметіндегі қылмыстық заңнамада әйел адамдар мұндай әрекеттерге барғандары үшін көпшіліктің алдына салып, оларды барынша ұялту арқылы ар-намыс тұрғыдағы жауапкершілікке тартуды қарастырған, егерде бұл әрекеттер қайталанса 300 сомға дейінгі айыппұлды төлеуге міндеттеген.

Сол уақыттағы бірқатар айырмашылықтарды атап кетсек, пара алу, спекуляция мәселесі 1991 жылға дейін бұндай әрекеттер «қылмыс» деп саналған, талан-таражға салу, тұтынушыларды алдап-арбаудан туындаған қылмыстар қарастырылған. Жоғарыда аталған шаруаны жүргізумен және лауазымдық қылмыстарының жартысын әйелдердің құрағанын байқаймыз. Себебі, бірқатар жағдайларда олар сауда-саттық, әлеуметтік-қоғамдық, тамақтандыру және жалпы тұрмыстық қызмет көрсету саласында және басқа да қоғамдағы әлеуметтік өндіріс салаларында еңбек етеді. Бұл көріністің өзі қылмыс жасауға себепші болары әбден мүмкін. Осы орайда әйелдердің қатысуымен жасалған статистикалық мәліметтерге көз жүгірте отырып, олардың бөтеннің мүлкін ұрлау, алаяқтық фактілерімен ұштасқан қылмыстарды жасаудағы сандарының жоғарғы екендігін де байқауға болады.

Осы орайда Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығының жай-күйін зерделеген И.В.Корзунмен автор толығымен келісе келе, өзінің диссертациялық тақырыбының өзектілігін аша отырып, қоғамда кең таралған зорлық-зомбылық

қылмыстарына оның ішінде ҚР ҚК-тің Ерекше бөлігінде көзделген бірқатар баптарды жатқызуға болатындығын көрсетеді [7] :

«1-тарау бойынша, жеке адамдарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Адам өлтіру (99-бап); Жаңа туған баланы анасының өлтіруі (100-бап); Аффект жағдайында жасалған адам өлтіру (101-бап); Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (102-бап); Қылмыс жасаған адамды ұстап алу үшін қажетті шаралар шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру (103-бап); Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу (105-бап); Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (106-бап); Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру (107-бап); Қинау (110-бап); Аффект жағдайында денсаулыққа зиян келтіру (111-бап); Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (112-бап); Қылмыс жасаған адамды ұстап алу кезінде денсаулыққа ауыр зиян келтіру (113-бап); Қорқыту (115-бап); Зорлау (120-бап); Сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (121-бап); Жыныстық қатынас жасауға, еркек пен еркектің жыныстық қатынас жасауына, әйел мен әйелдің жыныстық қатынас жасауына немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүр ету (123-бап); Адам ұрлау (125-бап); Бас бостандығынан заңсыз айыру (126-бап); Психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру (127-бап)» [8].

«Сонымен қатар 6-тарау яғни меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша: Ұрлық (188-бап); Тонау (191-бап); Қарақшылық (192-бап); Қорқытып алу (194-бап); Бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (202-бап)» [8, 186].

«9-тарау бойынша коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Өкілеттіктерді теріс пайдалану (250-бап); Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы (251-бап); Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы (252-бап); Параға коммерциялық сатып алу (253-бап); Міндеттеріне адал карамау (254-бап)» [8, 196].

«10-тарау бойынша қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Терроризм актісі (255-бап); Адамды кепілге алу (261-бап); Заңсыз әскерлендірілген құралымды ұйымдастыру (267-бап); Бандитизм (268-бап); Ғимараттарға, құрылыстарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау немесе оларды басып алу (269-бап); Бұзақылық (293-бап); Тағылық (294-бап)».

«11-тарау бойынша халық денсаулығына және имандыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Жезөкшелікпен айналысуға тарту (308-бап); Жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық (309-бап)».

«16-тарау. Басқару тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар: Билік өкіліне қатысты күш қолдану (380-бап)» [8, 246].


Осы орайда Ю.М. Антонянмен және В. А. Верещагинмен келісуге болады, себебі олар басқа қылмыстарды зорлық-зомбылыққа жатқызуға болатынын, бірақ олардың криминологиялық маңызы жоқ, өйткені олар өте сирек кездесетіндігін айтады [9].



Соңғы жылдардағы елімізде жасалынған қылмыстық құқықбұзушылықтар статистикасына көз жүгіртетін болсақ, 2017 ж.-115 682 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 14 841 қылмыстық құқықбұзушылық, 2018 ж.-108 290 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 13 005 қылмыстық құқықбұзушылық, 2019 ж.-99 508 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 12 084 қылмыстық құқықбұзушылық, 2020 ж.-76 519 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынса, оның ішінде әйелдермен 9 824 қылмыстық құқықбұзушылық жасалынған.


Яғни төмендегі диаграммадан жылдан жылға жасалынған қылмыстық құқықбұзушылық саныныңда, оның ішінде әйелдермен жасалынған қылмыстық құқықбұзушылық саныныңда азайғандығын көре аламыз. Әрине бұл көрсеткіш қуантарлық жағдай [1, 26].



Дегенмен, бұл әйелдермен жасалынған қылмыстық құқықбұзушылықтарды зерделей келе, төмендегі көрсеткіштерге назар аударғанымыз жөн [1, 2б].








Бұл көрсеткіштерден байқағанымыз елімізде жасалынған қылмыстар санының азайғанымен, олардың ішінде ауыр қылмыстар жасаған тұлғалардың санының жылдан-жылға артып кележатқандығы байқалады. Мәселен, 2019 жылғы ауыр қылмыстар санатындағы қылмыстарды жасаған тұлғалардың саны 2020 жылға қарағанда 29,19% артқан (*2019 жылы тұлғалармен 12 576 ауыр қылмыстар жасалынған болса, әйелдермен жасалғаны-1 407, ал 2020 жылы тұлғалармен 16 247 ауыр қылмыстар жасалынған болса, әйелдермен жасалғаны-1 839*) [1, 26].

Соңғы төрт жылдың ішінде ҚР ҚК-нің 99-бабында көрсетілген қылмыстарды жасауда әйелдердің де еркектермен салыстырғандағы үлестік салмақтарына назар аударсақ, әйелдер де бұл қылмыс түрін жасауда белсендік танытуда. Мәселен, 2017 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,22% ерлерге тиесілі болса 11,78% әйелдерге тиесілі болған. 2018 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,53% ерлерге тиесілі болса 11,47% әйелдерге тиесілі болған. Ал 2019 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 89,46% ерлерге тиесілі болса 10,54% әйелдерге тиесілі болған. Сонымен қатар 2020 жылы бұл бап бойынша жасалынған қылмыстардың 88,62% ерлерге тиесілі болса 11,38% әйелдерге тиесілі болғанын төмендегі диаграммадан көре аламыз [1, 26].

Әйелдердің адам өлтіру қылмысы. ҚР ҚК-нің 99-бабы бойынша



■ 2017 жыл ■ 2018 жыл ■ 2019 жыл ■ 2020 жыл


ҚР ҚК-нің 99-бабында көрсетілген қылмыстарды жасаған әйелдердің қылмыстық іс материалдарын зерделей келе, 2020 жылы (2019 жылы 70 қылмыстың-38) аталған баптағы көрсетілген 74 қылмыстың 47-ін әйелдер алкогольді масаң күйде жасағанын анықтадық.

Мысалға, 14.05.2019 жылы Астана қаласының мамандандырылған аудан аралық сотымен Н.А. Ивановаға қатысты ҚР ҚК-нің 99 бабының 1-бөлігінде көрсетілген қылмысты жасағаны үшін оған 8 жыл бас бостандығынан айыру жөнінде жаза тағайындалған.

Іс материалдарынан 2019 жылғы 15 ақпанда 20 сағат 15 минут шамасында Н.А. Иванова өзімен бірге тұратын Д. А.Петровпен және куәгер В. Н. Солохпен бірге Астана қаласы, Ақан Сері көшесі, 16-үй, 368-пәтер мекенжайы бойынша мас күйінде бола тұра, Д.А. Петровпен сөздері жарыспай, алауыздықпен ұштасқан, кісі өлтіру туралы қылмыстық ниет пайда болғанын байқаймыз.

Н.А. Иванова іс-әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін шынымен түсініп, өз іс-әрекеттерін әдепсіз сөздермен сүйемелдеп, оң қолымен орындықтан ас үй пышағын алып, Д.А. петровке жақындап, сол жақ кеуде аймағына бір соққы жасады. Пышақ жарақатынан жәбірленуші Д.А. петров есін жимастан сол жерде қайтыс болды [10].

Сонымен қатар әйелдер «ҚР ҚК-нің-106 бабында» көрсетілген қылмысты яғни денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру қылмыстарын жасауда да өз орындарын алуда.



Осы орайда әйелдер қылмыстылығының құрылым зерделейтін болсақ, олардың яғни әйелдердің қылмыстылығының құрылымын және бас бостандығын айыру жазасын өтеп жүрген сотталған тұлғалардың қылмыстық-құқықтық белгілеріне талдау жұмыстарын жүргізе келе, әйелдердің пайдакүнемдік ниеттегі зорлық-зомбылық қылмыстарын жасаудағы үлес салмақтарының тұрақты болуы белгілі бір тенденциясының қалыптасып отырғандағын көрсетеді.

Дегенменде қазіргі таңдағы әйелдердің арасында ұрлық қылмыстарын (2017ж.-6573, 2018ж.-5723, 2019ж.-5517, 2020ж.-3877) және тонау (2017ж.-209, 2018ж.-201, 2019ж.-182, 2020ж.-108) қылмыстарын жасауда олардың белсенділіктерінің азюы қуантатын көрініс (Қосымша 1).

Тағыда бір қоғамды алаңдататын жайт соңғы бес жыл ішінде отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтар санының күрт өсуі (2017ж.-446, 2018ж.-919, 2019ж.-902, 2020ж.-924) [1, 26].



Бұдан байқағанымыз, аталған қылмыстардың арасынан әйелдердің өздері отбасында алдымен зорлықпен зомбылықтың құрбанына айналып, әбден моральдық тұрғыда шаршап, мұндай жағдайдан шығудың амалы ретінде, зорлық-зомбылық қылмыстарын жасауға мәжбүр болған.

Мысалға, 2020 жылы Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық сотымен Т-есімді азаматшаға қатысты ҚР ҚК-нің 99-бабы бойынша сот тергеуі басталынған. Алайда судья қылмыстық іс-материалдарын, сондай-ақ, куәгерлердің жауаптарын зерделей келе, азаматша Т-ның 7 жыл азаматтық некеде тұрған жолдасы М-ның біраз жылдар бойы Т-ға қатысты күш көрсету фактілерін анықтаған. Сонымен қатар азамат М-ның тұрақты түрде есірткі мен алкогольді ішімдіктерді пайдаланатынын ескере отырып, сот талдауы кезінде азаматша Т-ға қатысты оның әрекетін ҚР ҚК-нің 112-бабы 2-бөлігі бойынша жаңадан саралап, «Қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан әрекет», - деп танып, оған қатысты бір жыл бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаған.

Азаматша Т-ны тергеп-тексеру кезеңінде уақытша ұстау изоляторында 6 ай отырғандығын ескеріп, оған қатысты айыптауларды алып, сот залынан босатқан [9].

1.2 Әйелдердің девианттық және қылмыстық мінез құлқына тарихи, әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлардың әсері

Қоғамдағы әйелдердің жағдайына қатысты көптеген наным - сенімдер мен жалған көзқарастардың тамыры тарихтың тереңіне енеді. Әдетте дәстүрлер мен тарихи кезеңдерде де отбасындағы ерлер мен әйелдердің жыныстық қатынастарында да, қоғамдық қатынастар саласында да бірқатар ерекшеліктерінің болғандығын растайды. Тарихтағы ғасырлар бойы жыныстық

қатынастардың күнәқарлылықтың көрінісі, аскетизмді уағыздап, жыныстық құмарлықтан туындаған зұлымдықты білдіретін және бейнелейтін оқиғалардың болғандығын көрсетеді. Бұл оқиғалар әсіресе ерте және ортағасырлық христиан дініне тән болған.

Бұл кезеңде қоғамда әйелдердің алатын орны мен олардың отбасындағы рөлі, мәдениеті мен тарихы туралы Сократ, Периклес, Алькивиад, Фидиас, Анаксагор, Калистрат, Светониус, Платон және Аристотель өз ғылыми зерттеулерінде мына мәселеге көңіл бөлген болатын, «ежелгі қоғам отбасындағы әйелдердің құқықтары өте шектеулі болғанын ерекше атап көрсетіп, әйелдерде таңдау құқығының мүлдем болмағанын және бастама құқығы, мүлікке иелік ету құқығының да болмағанын жазып кеткен» [10; 25]. А. Бебель сол уақытта «әйел күйеуімен төсек бөліскенін, бірақ тамақты бөліспегенін айтқан, яғни бұл дегеніміз әйелдің соншалықты ешқандай құқысының болмағанын көрсетті. Сондай-ақ, бұл заманда құл иеленуші мемлекеттер арасында сарбаздарға мұқтаж болу себебінен, неке шартын жасасу қоғамдық міндетке айналғанын көрсеткен» [10, 266].

Өз кезегінде әйгілі Платонда бұл мәселе бойынша: «некесіз өмірдің ыңғайлы және пайдалы екеніне үйреніп қалмау үшін, жыл сайынғы салық төлеуі керек екендігін жазып кеткен» [10, 276].

Осындай ер адамға деген тәуелділіктің болуынан әйелдер өздерінің қорлауын неке адалдығын міндеттерін бұзулармен өтеуге тырысқан. Спартандықтар, этрусқандар, содан кейін немістер осы тектес моногамияны әрі-қарай дамытуда қарқынды алға қарай қол жеткізді: әйелдер бұл қоғамда еркін орынға және деңгейге ие болған.

Орта ғасырларда жыныстық некеден тыс қатынастарды ресми түрде қудалау жыныстық бұзылулардың, жезөкшеліктің, серфтердің отбасылық-некелік қарым-қатынастарының көптеп таралуымен қатар жүрді, әсіресе Германияда, Шотландияда кең таралған "алғашқы неке түні" тиесілі феодалдардың мүдделерімен анықталды. Алайда, сонымен бірге ақсүйектер әйелдері көбірек тәуелсіздік көрсете бастайды, олардың әлеуметтік өмірдегі маңызы арта бастайды. Көркем әдебиетте Рыцарлық махаббат деп аталатын жоғары сезімдердің мотивтері басым. Францияның оңтүстігінде, Провансада әдемі ханымның табынуы гүлдейді, әйелдің сұлулығы, махаббаты, даналығы мен тектілігі шырқалады.

И. Я. Бахофен, Дж. Мак-Ленц Зандарының Дифференциалдық түрі, Э. Вестермарк, Ш. Летурно, А. Эспинас, Л. Г. Морган, М. Ковалевскийдің еңбектерінен бұл тектес мәселелер айқын көрініс тауып, «әйелдер мәселесіне объективті көзқарас, әйелдерді еркектерден бөліп қарауына жол бермеу қайта өрлеу дәуірінде қалыптасты. XVII ғасырдың аяғы-XIX ғасырдың басында тең бағыттағы зерттеулердің тақырыбы кеңейе түсті; әлеуметтанушылар мен психологтар, 19 ғасырдың екінші жартысынан бастап, әйелді неке, отбасы, жыныстық қатынастардың әртүрлі формаларымен ғана емес, сонымен бірге

элеуметтік жүйе мен мәдениеттің басқа элементтерімен де байланыстыратынын көрсетеді» [11].

Қоғамдағы гендерлік және элеуметтік-экономикалық қатынастардың өзара байланысының формаларын талдаудың классикалық мысалы ретінде Ф.Энгельстің "жеке меншік отбасы мен мемлекеттің шығу тегі" атты кітабын айтуға болады. Биологиялық заңдар арқылы әйелдердің мінез-құлқын қарастыруға арналған, талантты ағылшын дәрігері, сот-педагогы, табиғаттанушы Х.Эллистің "Жыныстық қатынас психологиясын зерттеу" атты жеті томдық еңбегінде бұл жағдаяттар егжей-текжейлі сипатталған. Жыныстық негізде жасалған әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстарын барынша сипаттайтын материалистік негізге негізделген М.Хиршфельд, А. Молл, А. Форель, В. Х. Бехтерев сияқты ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн. Сонымен бірге консервативті христиандық көзқарастар викторианизм сияқты құбылысты қалыптастырды (әсіресе Англия патшайымы Виктория дәуірінде кең таралған) Батыс Еуропадағы және әйелдердің гендерлік қатынастарының ғылыми зерттеулеріне теріс әсер етіндігі дәлелденген.

Сексопатолог Р.Фон Крафт-Эбинг, «әйелдердің психикалық ауытқуларынан туындаған жыныстық ауытқуларының пайда болуы олардың туа біткен немесе әбден моральдық тозудың салдарынан пайда болатындығын, ал әйелдер жасаған қылмыстардың негізі психосексуалдық дисфункциялары, «жыныстық азғындық» деген көзқарасын білдіретіндігін атап көрсеткен» [12].

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмыстарын зерттеуге арналған әдебиеттердің арасында, Чезаре Ломброзоның "Қылмыстық адам", "Қылмыскер әйел және жезөкше" атты еңбектеріне назар аударғанымыз жөн. Ол өз кезегінде, сан алуан түрлі мұрағаттық қылмыстық істерді зерттей келе, бір итальяндық қауіпсіздік мекемелерінде жазасын өтеп жатқан оның ішінде зорлық-зомбылық қылмыстарын жасаған қылмыскерлердің сыртқы деректерін портреттерін сипаттап жіктеп, өз кезегінде күрделі талдау жүргізді. Ғалымның бұл жұмысының жемісі барлық ұрылар мен адам өлтірушілер, сонымен қатар христиан тарихындағы алғашқы адам өлтірушілерді зерделеуде көп үлесін қосты. Бұдан бөлек ғалым қарабайыр инстинкттері және неандертальдық белгілері бар адамдардың қылмыс жасауға бейім адамдар екендігі жөнінде тұжырымдама берген. Ч.Ломброзоның пікірінше, « қылмыс жасаушы әйелдердің түрлері ер адамдарына қарағанда әлде қайда қорқынышты» болатындығын көрсеткен. Бұл ғалымның өзінің зерттеп тұжырымдаған саралауына сәйкес, барлық қылмыскерлерді келесідей 4 топқа бөлуге болады:

1) туылу сәтінен бастап өзгеріске ұшырағандар (деградацияның) сыртқы белгілеріне ие, олар қылмыскерлердің отбасында немесе балалар үйінде тәрбиеленгендер, ешқашан жұмыс жасамағандар, бірақ қылмыспен ұштасатын әрекеттерді жасағандар;

2) белгілі бір себептермен жан ауруына шалдыққандар - есі кем адамдар немесе уақытша (шабуыл түрінде) немесе тұрақты психикалық бұзылулардан зардап шегетіндер, келеңсіз немесе жат әрекеттер жасайтындар, олар адамзатқа

зиянсыз немесе ұсақ ұрлық жасаулары мүмкін, ал кейбір жағдайларда өте агрессивті және толық оқшаулануды қажет ететін тұлғалар да кездеседі;

3) жастары белгілі бір жасқа жетіп, қартайған қылмыскерлер - олар сезімтал эмоционалды тұлғалар (қызғаншақтар, өмірде белгілі бір себептер бойынша алданған әйелдер және т. б.);

4) абайсызда аз уақыт аралығында пайда болатын қылмыскерлер –өмірлік тәжібибесі жеткілікті оң бағытты ұстанып жүрген, қоғамдық пайдалы қызмет атқарып жүрген, белгілі себептерге байланысты өкінетін және бұрын соңды заңды бұзбаған яғни белгілі бір қылмыс түрін жасаған тұлғалардың кездейсоқ кездесетін түрлері.

XIX ғасырдың 70-ші жылдары Ч.Ломброзо өз зерттеуін жүргізе келе туа біткен қылмыскердің белгілері кестесін жасаған болатын. Олардың арасында қылмыскерлерге сипаттама бере келе оларға тән белгілер ретінде мыналарды белгілеп кетті: кең маңдай, үлкен төмен бағытталған жалпақ мұрын, сақалдары сирек, жаңадан өсіп келе жатқан құлаққаптары бар, жүрекшенің ерекше формасы, ақсандап жүретін, омыртқалары кисық, аяқтары шамадан тыс үлкен және т.б. белгілерімен ерекшеленген. Осыған ұқсас белгілердің жалпы саны шамамен 40-тан асатындығын көрсетті. Дегенмен, бұл жарқын көрініс тапқандар қатарынан. Ч. Ломброзо қылмыскердің бетіндегі қылмыстық белгілерді сызғышпен және циркульмен өлшеу арқылы анықтауға болатынына сенімді болды. Тұқым қуалаушылық мәселесіне назар аудара отырып, ғалым қылмыскерлердің отбасылық кестесін және олардың даму мәселелерін құрады. Бұл зерттеулердің Ч. Ломброзо мен оның әріптестерін қатты таң қалдырып, зерттеулерді әрі қарай жүргізуге итермеледі.

Осылайша, провинциялық бір қаланың мұрағатындағы құжаттармен таныса келе, ол азаматтардың едәуір бөлігі 200 жыл бұрын өмір сүрген жаман мінез-құлық бір әйелден шыққанын, оның ұрпақтары 900 адамды құрайтынын, олардың 200-ден астамы ұрылар, өлтірушілер, зорлаушылар, сондай-ақ ақыл-есі кем адамдар екенін анықтады. Жалпы саны 800 адамнан тұратын басқа қылмыстық отбасында 160 жезөкше, 150 ұры мен қаңғыбас, бірнеше ондаған женгетайлардан және 300-ге жуық психикалық ауру болған адамдардан құралғанын анықтаған. Ч. Ломброзо бұл үлкен отбасының мүшелері түрмеде 200 жылдан астам уақыт өткізді деп санайды. Италияндық зерттеуші сонымен қатар климат, мәдениет, білім, отбасылық жағдай, қылмыскерлердің ұлттық ерекшеліктері сияқты факторларды жөніндегі ақпараттарды өз кестелеріне енгізді. Жоғарыда айтылғандай. Ч. Ломброзо әйелдер қылмысын ерекше санатқа бөліп, әр қылмыскерге жеке көзқарасты талап етті. Ұлы итальяндық ғалым ешқашан өз көзқарастарының абсолютті дәмін талап етпеді, әрдайым өмірдің әртүрлі көзқарастары бар екенін қоса айтқан [13].

Ағылшын Чарльз Горингтің және Ресейлік патологоанат Д.Н.Зерновтың еңбектері итальяндық зерттеушінің кейбір көзқарастарының сәтсіздігін дәлелдегеніне қарамастан, қазіргі криминологияда «ломброзианиземестер» деп

аталатын бүкіл бағыт бар. Қол жетімді ғылыми әдебиеттерді талдау барлық уақытта әйелдер агрессордың орнына құрбан болғанын көрсетеді [14].

Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі-БҰҰ) өз отырыстарында аталған мәселе бойынша бірнеше рет сұрақтарды көтеріп, осы тектес мәселелердің маңыздылығы туралы ұйым мүшелеріне жеткізуге тырысып, аталған мәселенің жаһандық және өмірлік маңызды деп санады. Сонымен қатар бұл мәселелерді зерттеу ерлер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынастарға, оның ішіндегі теңдікті қалыптастыруға қатысты мәселелерді зерттеуге ықпал етуіді қажет екендігін көрсетіп белгілеген. Нәтижесінде БҰҰ 1981 жылдан бері әйелдер мәселесі жөнінде жыл сайынғы халықаралық форумдар мен отырыстар өткізіп, жыл сайынғы бұл саладағы мәселелерді қарқынды талқылауда.

Осы тектес зерттеулердің бірі болып Қазан төңкерісіне дейін жүргізілген феминистік зерттеу. Ресейде өткізілген бұл зерттеу 1917 жылдан кейін әйелдер мәселесіне деген қызығушылық өзектілігін жоғалтып, бұл мәселе әрі қарай қарастырылмай қалды. Осыдан кейін КСРО-да тоталитарлық режим жағдайында 30-жылдары әйелдердің барлық мәселелерін түбегейлі шешу туралы айтылды. Осылайша әйелдер мәселесі шетте қалып, тек қайта құру кезеңінде ғана қайта жанданып, зерттеулер жүргізіле бастады.

Бұдан бөлек, жеке тұлғаның басындағы мәселелер психологиялық мәселелермен ұштасатын болғандықтан, оны әлеуметтік факторларға сілтеп қойып, екінші кезекте қалдыруға болмайды. Осы мәселелерге сүйене отырып, адамның дамуын да, мінез-құлқын (қызметі мен қағидаларын) анықтайтын факторларды неғұрлым егжей-тегжейлі саралау керек, яғни осы тектес жағдайларды (сыртқы) және субъективті (ішкі) жоспардың мән-жайларының (факторларының, сәттерінің) арақатынасы оның ішінде қылмыскер әйелдерден мен қылмыстық жағдайлардың типологиясын құрудың жалпы жүйесінде көрініс тауып оны егжей тегжейлі зерттеуге бағыттау қажет. Бұл мәселе осыған ұқсас шетелдіктермен жүргізілген әртүрлі зерттеулерге деген көзқараспен расталып, олардың кейбірін біз бұдан әрі келтіргеніміз жөн болар.

БҰҰ сарапшылары осы тектес елеулі мәселе ретінде отбасындағы зорлық-зомбылық пен интимдік серіктестің яғни жыныстық қатынасқа түсетін серігімен зорлық-зомбылығын ажыратады, олардың пікірінше, ер мен әйелдің арасындағы қарым-қатынаста мінез-құлықтың екі моделі бар. Оның біріншісі бір уақытта бірнеше жаман қарым-қатынас формаларымен сипатталатын қатыгез мінез-құлық және құқық бұзушының мінез-құлқын бақылайтын күш-жігердің артуы, ал екіншісі неғұрлым қалыпты жағдайда, серіктестер үнемі физикалық агрессияға әкелетін ашуланшақтық пен тітіркенуді сезінеді (егер әйелдер агрессияны жасаса, онда, әдетте, өзін-өзі қорғау мақсатында). Бұл сарапшылардың пікірінше, дамыған елдердегі әйелдер өз төсектес жұптарын өлтіру көрінісі мәдени факторлармен және қарудың қол жетімділігімен анықталады, мысалы, АҚШ-та әйелдер атыс қаруынан жиі өлтіріледі. Үндістанда атыс қаруы сирек кездеседі, бірақ өртеу арқылы ұрып-соғу және өлтіру кең таралған: әйелдер көбінесе керосинмен құйылып, отқа өртейді, ал

Адам өлтірудің объективті жағының тағы бір белгісі ол қылмыстық құқық бұзушылықтың зардабы салдарынан жәбірленушіні өлімге әкелу фактісін айтуға болады. Бұл жерде адамды өмірінен айыруға деген тура қасақаналық ниеттің орын алғанымен әрекет зардабының оны өмірінен айыра алмай қалуының салдарынан кінәлінің осы әрекетке барғандығы, адамды өмірінен айыруға бағытталғандық ретінде сараланады.

Тұлғаны өмірінен айырудың өзін материалдық құрамы бар қылмыстар қатарына жатқызуға болады.

Келесі кезекте осы адам өлтіру әрекетінің субъективті жағына келетін болсақ, ол ҚК-нің 99-бабына сәйкес, қасақаналық ниетпен жүзеге асырылатынын байқаймыз. Осы орайда бұл әрекетті қасақаналық тікелей және қасақаналық жанама ретінде де тануымызға болады. Тікелей қасақаналықты бастамаға ала отырып әрекетке көшкен кезде кінәлі өзінің белгілі бір тұлғаның өміріне қауіп төндіріп отырғандығын толық сезеді сондай-ақ, оның әрекеті өлімге соқтыруы мүмкін екендігін толық сезінеді және де, оны өлтіруге бағытталған әрекетті жасайды. Бұдан бөлек жанама қасақаналық ниетпен адамды өмірінен айыру кезінде кінәлі тұлға адам өміріне қатер төндіретіндігін толығымен мойындайды немесе өлімнің орын алып не орын алмауына немқұрайлық танытады. Қазіргі қоғамда түрлі жарылыстарды жасау арқылы адамдарды қырып өлтіру оқиғалары белең алғаны бізге мәлім. Мұндай кезде қылмыскердің көздеген адамдары нан басқа да адамдардың қырылып өліп жататынын білеміз. Міне осындай оқиғаларда кінәлі жәбірленушіні өлтіремін деген ниетте болғаны жанама ниетте әрекет еткен деп саралауға жатады [7,90б].

Қылмыстық заңнамада саралаудың мәселелері оның ішінде тікелей сондай-ақ жанама қасақаналықтар әрекеттердің бір-бірінен айырмашылығын бөліп қарастырудың маңызы зор. Тұлғаны өмірінен айыруға оқталу, яғни кінәлінің жасаған қимылы адамның өлетініне көзі жетіп тұрып, тікелей қалағандығын, бірақ ол қаласада түрлі себептермен адам өлмей қалғандығы мәселелері бойынша анықталуға жатады. Осы тектес жағдайларда қылмыс жасауға оқталу әрекеті тек қасақаналық ниетпен жүргізілгенін көруге болады.

Қылмыс жасаған адамның ниетінің қандай түрде болғандығын айқындаған кезде сотта жасалған қылмыстың барлық жағдайларды ескере отырып, оның ішінде, қылмыстың жасалу әдісі мен құралын, жапа шеккен тұлғаның дене мүшесіне келтірілген жарақат мөлшерін, деңгейін, сипатталуымен орналасуын (мысалға, тұлғаның өмір сүру үшін маңызды болып табылатын мүшелерін зақымдау), қылмыскердің бұндай әрекеттерін болдырмау себебін, оның осы тектес әрекеттерге бармас бұрынғы кездегі жәнеде қылмысты жасап болғаннан кейінгі мінез-құлқын, сондай-ақ оның жапа шеккен тұлғамен араларының қандай болғандығы туралы мән-жайтарды толыққанды зерделеп, ескеруге жатады.

Осы орайда егерде кінәлі жәбірленушінің өмірлік маңызы бар органдарына пышақты қолдану арқылы жарақат салса, онда бұл жерде кінәлінің, жәбірленушіні өмірден айыруға тікелей ниетін бар болғанын айқын екендігін айғақтайды. Ал кінәлі оқ арқылы атылатын қаруларды қолдана отырып жәбірленушіге қарсы әрекет жасаса онда қылмыскер оны өлтіргісі келгені анық және де бұл мән-жайтар әрі қарайда оның бұл әрекетін растайтын дәлелдеме қатарынан табылуға жатады. Айталық, егер де қылмыскер белгілі бір тұлғаға жақын қашықтықтан оқ жаудырса онда оның ол адамды өлтіруге деген тікелей ниетінің болғандығын көрсетеді. Дегенмен бұндай ниет баламалы түрде де орын алуы мүмкін, сондай-ақ қылмыскер жәбірленушінің дене мүшесіне ауыр зиян келтіретіндей әрекеттерге барса онда бұл әрекеттерде ол қасақана осындай зардапты тілеп жасағанын көрсетеді.

Егерде қылмыскер белгілі бір тұлғаны алдын-ала өлтіремін деп қорқытса онда оның мұндай әрекеттерінің өзінде де оның шын мәнінде де адам өлтіретін ниетінің бар екендігін дәлелдейді. Дегенмен тәжірибеде кінәлі тұлғаның осы тектес адамға қауіп келтіретін ниетінің болғандығын толығымен дәлелдеуге жатады. Кей жағдайларда кінәліден шыққан осы тектес сөздер түрлі себептер бойынша оның бұл әрекетті жасаудағы анық тікелей ниетін білдірмейді.

Көбінесе адамды өмірінен айыру туралы әрекеттер кінәлінің жәбірленушіге қарсы оның өміріне қауіпті құралдарды немесе қарудың түр-түрін қолдана отырып қорқытып бұзақылық ниетпен ұштаса отырған осындай әрекеттерге барады. Бұл жерде кінәлінің адамды өмірінен айыруға немесе оны қорқытуға деген әрекеттерін бөліп қарастырған жөн. Кінәлі егерде белгілі адамды өмірінен айыруға деген жанама қасақаналық ниеті арқылы адамды өлтіруге шын мәнінде ниетінің болғандығын көрсетеді. Егер кінәлі өзінің осындай әрекеттері арқылы зардаптың міндетті түрде орын алуын шамалаған кезде оның бұл әрекеттері тікелей қасақаналық арқылы болғандығын ескере келе ҚК-тің 20-бабының 2-

тармағы бойынша сараланады [7, 90б]. Осы орайда егер кінәлі адамды өмірінен айыруға тікелей ниеттенсе, ал жанама ниеттену кезеңінде кінәлі бұндай әрекетті қаламайды [52, 60б].

«Қасақана ниетте адам өлтірудің субъектісі 14 жасқа толған жеке тұлға болып табылады, ал ҚК-тің 100-105-баптарында көрсетілген жағдайларда адам өлтірудің субъектісі 16 жасқа толған адамдар болып табылады» [7, 91б].

ҚР ҚК-де адамды өмірінен айырумен қатар ауырлататын жағдайдағы нақ осы әрекетте бір бапқа біріктірілген, дегенмен негізгі құрам ретінде 99- баптың 1-тармағына сәйкесекендігі көрсетілген.

Осы орайда негізгі құрам қатарынан табылатындарға тоқтап кетсек, кінәлінің бойындағы қызғаныштық, ұрыс-төбелес кезінде, кек алу мақсатында адамды өмірінен айыру мәселелері жатады [7,92б].

Тәжірибеде адам өлтіру қылмыстық әрекеттерінің ауырлататын мән-жағдайлары ҚК-нің 99-бабында көрсетілген тәртіппен қарастырылады.

-«екі немесе одан көп адамды өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «1» тармақшасына сәйкес, кінәлі екі не оданда көп адамды өмірінен айырған жағдайды білдіреді» [8]. Осындай көріністегі жағдайларда кәнілі тұлға екі болмаса одан да көп өмірінен айыруға деген ниетінің орын алғандығын әсіресе бәрін бірдей өмірінен айыруға деген ниетінің орын алғандығын ашып алуымыз керек. Көп жағдайларда кінәлінің бойында осындай ниет болса ол кезде ол жәбірленушілердің барлығының өмірінен бірдей айырады. Ал егерде кәнілі бірінші бір тұлғаны өмірінен айырып, сосын ортаға біраз уақыт салып екіншісін өлтірген жағдайда ол кезде кінәлінің бұл қылмыстарды жасаудағы әрекеттерін дұрысынан ашып дәлелдеуіміз керек. Бұндай жағдайларда әр бір тұлғаны өмірінен айырудың себептері біртектес болмауы да ғажап емес, сол себептен де оны ажыратып алуымыз қажет.

- «келесі кезекте кінәлінің қызметтік борыштарын жүзеге асыруына немесе кәсіби және қоғамдық борышын орындауына байланысты адамды не оның жақындарын өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2- тармағының «2» тармақшасы бойынша» [8]. Осындай жағдайда адамды өмірінен айыру жәбір шеккен тұлғаны сондай-ақ, оның жақын тумаларын, белгілі бір қызмет атқару барысында болса сондай-ақ, жеке кек алуды көздеп жүзеге асырылған жағдайларда дәл осы нормамен саралануға жатады. «ҚР Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 маусымдағы Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы № 1 нормативтік қаулысында кез келген адамның қызмет аясына жататын жұмысын қызметтік борышты орындау, ал қоғамдық борышты орындау деп көрсетіліп сараланып берілген» [7].

- «кінәлі адамға дәрменсіз күнде екені көрінеу белгілі адамды, сол сияқты адамды ұрлаумен не кепілге алумен ұласқан кісі өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының 3-тармақшасында белгіленген» [8]. Бұл нормада тұлғалардың жас шамалары, жүйке ауруына шалдығу, ақыл-есінен уақытша айрылудан туындаған ақыл-есінің әлсіреуімен байланысты болған жағдаяттарға байланысты дене мүшелерінің кемдігі, сондай-ақ, психикалық-моральдық деңгейінің себебінен

қылмыскерге еш қарсылық көрсете алмаулары орын алған жағдайының дәрменсіздік жай-күйі деп саралануға жатады. Жай-күйдің мағынасын алкогольді және есірткі өнімдерін тұтынып не адамның ойлау мүшесіне айтарлықтай әсерін тигізетін дәрілерді тұтыну салдарынан орын алуы мүмкін.

«Адамды ұрлаудың саралау мәселелері ҚК-тің 125-бабында және кепілдікке алудың мәселелері 261-бапта айқындалып берілген» [7, 93б].

«ҚК-тің 125, 99-бабы, 3-тармағының «в» тармақшасы, 261, 99-бабы, 2-тармағының «3» тармақшасына сәйкес», тұлғаны ұрлау арқылы оны қасақана өлтіру барысында, не бұл қылмысты жасыру әдістері орын алса бұл әрекеттер жеке қылмыс құрамын көрсететіндіктен, кінәлінің жасаған істері қылмыстың жиынтығы ретінде саралануға тиісті [8].

-«жүкті екендігі белгілі әйелді өлтіру мәселесі ҚК-тің 99-бабының 2-тармағының «4» тармақшасы бойынша көрсетілген» [8]. Тұлғаны өлтірудің бұндай түрі жапа шеккен адамға қарсы жасалынған әрекеттердің қауіптілік деңгейімен реттеледі.

«Осындай қылмыс құрамының болуы үшін алдымен екі шарт болу қажет. Біріншісі жәбірленушінің кез келген ұзақтықтағы жүктілік жағдайында болуы және ол туралы айыпкер міндетті түрде білуі керек. «Білуі» деген термин айыпкер жәбірленушінің жүкті екендігінен хабардар болғандығын білдіреді. Бұндай жағдайда осындай мәселелердің растығына оның күмәнінің болғаны немесе болмағандығы маңызды болып табылмайды, ең бастысы ол жәбірленушінің жүкті екендігі туралы жәбірленушінің өзінен немесе бұл туралы басқалар арқылы хабардар болуы міндетті» [52, 70б].

Осы орайда жүктілік мерзімінің деңгейі, жүктілік бойынша тиісті емдеу мекемелерінде есепте тұру тұрмау мәселесінің қатысы болмайды. Ал егерде кінәлі әйелді жүкті екен деп ойлап, жүктілігі жоқ әйелді оның жүкті ретінде танып өлтірсе, бұл кезде кінәлінің ниетінің бағытталуына байланысты белгілі бір қылмысты жасауға оқталғандық деп саралануға жатады.

-«аса қатыгездікпен жасалған адам өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «5» тармақшасымен сараланады [8]. Бұндай сұмдық әрекетке барудың өзі қатыгездіктің орын алғанын айқын көрсетеді. Тәжірибеде көбінесе қатыгездіктің қандай жолмен яғни адамды қандай қатыгездік әдістерін қолдана арқылы оның аса қатыгездік формаларын қолданылғанын айқындауымыз керек. Айталық, адамды қинаумен бірнеше жерінен жаралау, тұлғаны өлтірместен өртеу, дене мүшелерін біртіндеп кесу бөлу арқылы азаптық жолмен қинау арқылы жасалатын әрекеттерді жатқызуға болады.

- «пайда табу мақсатымен немесе жалданып, сол сияқты қарақшылықпен, қорқытып алу немесе бандитизммен ұштасқан адам өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «8» тармақшасына сәйкес сараланады» [8].

Бұл заң нормасындағы мәселенің бастысы ақша тауып баю мәселесі. Бұл жерде қылмыскер қарақшылық әрекеттерін қолдана отырып, пайда табу үшін бандиттік әрекеттерді пайдалана отырып бұл қылмыс түрін жасауға барады.

Егерде адамға қарақшылық жолмен шабуылдап не қорқытып алып, бұзақылық ниетіндегі әрекеттерді қолдана отырып, қасақана адамды өлтірсе, онда саралау мәселесі туындаған кезде қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануға жатады.

- «бұзақылық ниетпен адам өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «9» тармақшасына сәйкес әрекеттер»[8].

Өздеріңіз байқағандай бұндай әрекеттерге адамдар болмашы нәрселерді сылтау қыла отырып, осындай әрекеттерге бара орытып бұл қылмыс түрін жасайды. Жалпы адамзаттың бойындағы бұзақылық ниеттер соңынан олардың қоршаған ортаны сыйламау салдарынан олардың бойындағы бұзақылық ниет ашу мен ызаға ұласа кете осы тектес қылмыстарды жасауға бастау алады. Салдарынан кәнілінің қоғамға қарсы шығудан айналасындағы адамдарды сыйламау әрекеттері осылайша орын алады.

Егерде жәбірленушімен қылмыскердің арасында бұрыннан келе жатқан немесе сол арада пайда болған келіспеушіліктер пайда бола отырып, салдарынан бұл қылмысты жасаса онда адамды өмірінен айырғанына қарамастан бұны бұзақылық ниетте бола отырып адамды өлтірді деп саралауға келеді. Көбінесе бұндай қылмыстар екі адамның сөз-таласып одан жұдырықтаса ерегісуінен басталып отырады. Мысалға ұрыс-жанжалмен жұдырықтасудың қорытындысында бұзақылық ниетте адам өлтіру фактілері орын алып отырады.

-«басқа да қылмыстарды жасыру немесе оны жасауды жеңілдету мақсатындағы және сол секілді зорлау немесе сексуалдық сипаттан туындаған күш қолдану әрекеттерімен ұштасқан адам өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «10» тармақшасы бойынша сараланады» [8].

Негізінен кінәлі адам өзінің жасаған қылмысын жасыру мақсатында не оны жасыруды жеңілдету мақсатында адамды өмірінен айырады. Содан да болар тергеп-тексеру органдарынан өздерінің жасаған заңсыз әрекеттерін барынша жасыруға тырысады.

Қазіргі қоғамдағы зорлық-зомбылық қылмыстарының ішіндегі зорлау әрекетімен ұштаса жасалатын қасақана адамды өмірінен айыра отырып оны зорлау әрекетінде не оны тығу мақсатында жасалатын қылмыстарға тоқталсақ, бұл жерде байқайтынымыз осы зорлап жатқан тұлға қарсылық әрекеттерін көрсетсе соған жауап ретінде де осындай адамды өлтіруге барды деп саралауға жатады. Өздеріңіз байқағандай бұндай әрекеттерден екі қылмыстың орын алғанын және де бұл әрекеттерді екі қылмыс түрі жасалынды деп саралауға жатады.

- «әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, дінге байланысты жек көрушілік немесе араздық не қанды кек уәжі бойынша адам өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «11» тармақшасына сәйкес келеді» [8]. Қоғамдағы ұлттардың арасында бірін-бірі жеп көру, біраздан келе жатқан келіспеушіліктен туындаған араздық, өз құқықтарының немесе белгілі бір топ мүшелерінің құқықтарын қорғау мақсатында осы қылмыс түріне бара отырып жасау жайттары көптеп кездесуде. Бұндай әрекеттер бұрыс көзқарастағы ұлттық саясат мәселелеріне итермелейді.

Қазіргі кезде дұрыс саясатты ұстанбаудың салдарынан кейбір топ мүшелерінің ортасында өздерінің бір белгісіз идеяларын ұстанатын ұлттар көбейіп түрлі ұлттардың арасында бірін-бірі жеккөруден туындаған әрекеттерді өршітіп отыратын топ мүшелері де болады. Мұндай әрекеттерге барулардың себептері болып, жәбірленушінің сенетін дініне қарсылық, нәсіліне, немесе жалпы идеологиясына қарсылық негізінде адамдарды өмірінен айыруларға барады. Сонымен қатар кек алу мақсатында басқа адамды өмірінен айыру мәселесіне келетін болсақ, бұл кек алудың субъектісі кек алу бағытталған белгілі бір этникалық топқа кіретін тұлға болуы мүмкін. Бұл тектес қылмыстарды тергеп-тексерген кезде қылмыстың жасалған орнына назар салмаған дұрыс себебі бұл мәселе ешқандай маңызды болмайды.

- «жәбірленушінің ағзаларын немесе тінін пайдалану мақсатында жасалған адам өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «12» тармақшасы бойынша айқындалған» [8]. Қылмыстық заңнамада қылмыскердің қолынан жапа шеккен адамның ағзаларын пайдалануды көздей келе оны өмірінен айырумен байланысты қылмыстарды саралау мәселелері көптеп келтірілген.

- «бірнеше рет жасалған адам өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «13» тармақшасы аталған тармақшаға сәйкес саралануға жатады» [8].

- «көрінеу кәмелетке толмаған баланы өлтіру ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының «14» тармақшасы бойынша саралауға жатады» [8]. Егерде қылмыскер адамның кәмелет жасына толмағанын ұғына тұра оны қасақаналықпен өмірінен айырса онда оны ҚК-тің 99-бабы екінші бөлігінің «14» тармағы негізінде жауаптылыққа тартады. Ал бұндай қылмыстар кәмелет жасыны толмаған тұлғаның өмірін жойған сәттен бастап аяқталған деп есептеледі. Табиғи апат кезеңдерінде не заңсыз тәртіпсіздік уақытысында адамды қасақана өлтірсе онда бұндай әрекеттер ҚК-тің 99-бабы, 2-тармағының, 15- тармақшасы негізінде саралануы тиіс [52, 75-78 бб].

Осы орайда профессор А. И. Алексеевтің «зорлық-зомбылық қылмыстарды ұзаққа созылған тұрмыстық жанжалдар, тұлғааралық отбасылық жанжалдар негізінде жасалынады, ал қызғаныш пен өзімшілдік себептері зорлық-зомбылық қылмыскерлерде жиі кездеседі; жыныстық серіктестер, отбасы мүшелері, таныстар көбінесе зорлық-зомбылықтың құрбаны болады» деген пікірімен толық келісуге болады [2, 382б].

Қылмыстық белсенділік, негізінен, қылмыс сияқты факторлармен анықталады (яғни, экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани-адамгершілік және т.б.). Алайда, экономикалық, әлеуметтік және басқа себептер мен жағдайлар көріністің әр түрлі формалары мен әрекет ету механизмдеріне ие болғандықтан, қылмыстың басқа түрлеріне қатысты рецидивті ерекшелігі бар.

2. ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН ЖАСАЙТЫН ӘЙЕЛДЕР ТҮЛҒАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, АЛДЫН-АЛУ ШАРАЛАРЫ

2.1. Зорлық-зомбылық қылмыстарын жасаған әйелдер тұлғасына криминологиялық талдау. Қылмыстарды жасау жағдайлары (криминологиялық-виктимологиялық мінездеме)

Зорлық-зомбылық қылмыскерлерінің мәселесі криминологияда қылмыстың өзін көрсетудің (жалпылаудың) әр түрлі деңгейлері аспектісінде зерттеледі: жеке, топтық, жалпы әлеуметтік; осы негізде қылмыскерлердің жеке, ерекше және жалпы деп жіктелетін жеке ұғымы ерекшеленеді [53]. Қылмыскерлердің жеке басын зерттеу кезінде криминология адамды, оның дамуындағы мінез-құлқын жан-жақты бағалауға мүмкіндік беретін динамикалық тәсілді қолданады, өйткені кез-келген құқық бұзушылық кеңістікте де, уақытта да дамиды процесс болып табылады.

Қылмыскерлердің жеке басын қалыптастыру процесін қарастыра отырып, криминологтар педагогика және әлеуметтану саласындағы білімге сүйене отырып тұжырымдарға келеді. Жоғарыда айтылғандай, зорлық-зомбылық жасаған әйелдердің көпшілігі әртүрлі психикалық ауытқулардан зардап шегеді. Мұндай жағдайларда психиатрия, наркология, сот сексологиясы саласындағы мамандардың шұғыл қорытындысы қажет. Қылмыскерлердің жеке басының мінездәмесі жалпы философиялық және психологиялық-педагогикалық анықтаманы біріктіре отырып, адамның жеке басының тәжірибелік іс-әрекеттері салдарынан адамның қоғамдық ортамен байланысы мен өзара әрекеттесуін көрсететін әлеуметтік-психологиялық қасиеттер жиынтығы болып табылады. Сонымен қатар айқын түрде көрінетін агрессивтілігі бар, құқықтық ой өрісінде кемістігі бар адамдарда қоғамдық қатынастарда өрескел бұрмаланып, әлеуметке қарсы, деструктивті және қоғамға кері бағытқа ие болады.

Осы орайда ғалымдар арасында жеке адам деген сөздің мағынасына психологиялық және әлеуметтік құбылыс ретінде әртүрлі көзқарастар қалыптасқан. Осы өзіміздің зерттеуімізде олардың ең көп кездесетін анықтамасын қарастырамыз.

Бірнеше шетелдік әлеуметтік психологтар мен педагогтардың ойларынша, тұлға-бұл адамның онтогенетикалық үйлесімділік, оның үздіксіз және күрделі әлеуметтік дамуының нәтижелерін көрсетеді. Ал жеке және дара түсінігін шетелдік бағыт өкілдері нақты адамға емес бір заттың жеке басына қатысты деп, түсінеді. Жеке адамдар түсінігін автономды еркіндіктен туындаған белгілі бір философия арқылы көрінетін ерекше түрдегі тұқым қуалайтын белгілері бар адамдар ғана бола алатынын түсінеді.

3. З.Фрейдтің көптеген жұмыстарына сәйкес, ертедегі неофрейдистер, адамның жеке басын мінездейтін құбылыстардың туа біткен адамдарға негізделгенін және оның өмірге деген құштарлық және өлімге деген

күштарлықтың әлеуметтілікке мүлдем жат жеке тұлға үшін бұндай күштер басты қайнаркөздер болып табылады [54].

Адамның марксистік түсіндірмесі қоғамда сөзсіз қызығушылық тудырады, онда әлеуметтік, нақты-тарихи құрылым баса айтылады. Тұлға дегеніміз-адамның әлеуметтілігінің жалпы өлшемі, оның құрылымы, қоғамдық қатынастардың нақты тарихи жиынтығының тәсілі болып табылатын саналы іс-әрекетте қалыптасатын және дамитын қабілеттердің, қажеттіліктердің, мақсаттардың динамикалық, жеке қайталанбас жүйесінің бірлігі [55].

Қазіргі уақытта көптеген зерттеушілерге жеке тұлғаның мәселесі күрделі ұйымдастырылған құрылым болып көрінеді, онда компоненттер өзара байланысты: "факторлар", "деңгейлер", "жақтар", "қасиеттер", "қатынастар", "мінез-құлық формалары", "психикалық даму", "жеке тұлғаның дамуы", "даралық", "әлеуметтік рөлдер" және т.б. қоғамның әлеуметтік қағидаттарына, белгілі бағдарларға және "тұлға" мағынасы келтірілетін немесе сипатталатын қасиеттердің мағыналарына қарай сан алуан мағынада қолданылып отырады. Г.Айзектің пікірінше, «тұлғаны танымдық, аффективті және физикалық сипаттамалардың интеграцияланған қорытынды немесе болжам ретінде анықтайды» [56]. Ал, Дж. Дривер «жеке тұлғаға қатысты - жеке тұлғаның физикалық, психикалық, моральдық және әлеуметтік қасиеттерінің динамикалық ұйымы деп санаса, Р.Майли жеке тұлғаны сипаттайтын мінез-құлқының белгілер жиынтығын білдіретін темперамент, мінез, ақыл секілді факторлар деп санайды» [56, 486].

Бізге ресейлік психолог С. Л. Рубинштейн ұсынған анықтама өте сәтті болып көрінеді, себебі ол, В.М. Бехтерев пен Л. С. Выготскийдің ғылыми көзқарастарын көрсетеді: "адамның жеке қасиеттері ретінде, әдетте, әлеуметтік маңызды мінез-құлықты немесе адамның іс-әрекетін анықтайтындар ерекшеленеді. Сондықтан оларда адам өзіне қоятын мотивтер мен міндеттер жүйесі, адамдардың іс-әрекеттерін анықтайтын мінез-құлық қасиеттері және адамның қабілеттері ерекше орын алатынын көрсеткен" [57].

Біз де өз кезегінде адамның тұлға болып дамуының кезеңін оның жеке дара белгілі бір еңбекпен айналысып, қоғамда өзінің бір орын алуы сондай-ақ кез келген жайт бойынша өз ойын білдіре алатын деңгейге жеткен кезеңінде одан әрі даму үрдісі деген тұжырымға келдік.

Әдетте, әйелдер отбасылық-тұрмыстық жанжалдардың, қолайсыз жағдайлардың әсерінен жетілген жаста зорлық-зомбылық жасайды: 55%-дан астамы - 30 жастан асқан адамдар, 10% - дан 50 жастан асқан адамдар, 18-ден 29-ға дейінгі жас әйелдер-25% - ға дейін, ал жасөспірім қыздар-10% - дан аспайды. Жалпы алғанда, зорлық-зомбылық жасаушылардың білім деңгейі жоғары-51% - дан астамы орта арнаулы және жоғары білімге ие.

Кісі өлтірген әйелдердің жеке қасиеттері-бұл басқа адамға (оның ішінде жәбірленушіге) айқын тәуелділік; жалпы өлтірушілер (және әсіресе әйелдер) өз бетінше шешім қабылдау маңызды мәселе болып табылатын және олар үшін жәбірленушімен қарым - қатынастан шығу мүмкін емес қауіпті, мазасыз және

күдікті тұлғалар санатына жатады". Өлтірушілердің пікірінше, қылмыс жасаған кезде, потенциалды қылмыскерді басқа адамдардан бас тарту нәтижесінде еркіндік алу қабілетінің бұғатталуы тән [58].

И.В. Корзунның жүргізген көптеген зерттеулері бойынша әйелдердің еңбек ету орталарына байланысты қылмыстық жауаптылыққа тартылған уақыттарында келесідей орталардан болатындығы анықталған: белгілі бір мамандығы жоқ жұмысшы әйелдер-25,4%, мемлекеттік басқару саласындағы қызметкерлері - 10,2%, сауда және тұрмыстық қызметтер саласындағы жұмыскерлер - 3,9%, коммерциялық ұйымдардың қызметкерлері - 0,9%, студент қыздар - 1,5%, зейнеткер әйел адамдар - 2,9% сонымен қатар белгілі бір жұмыста жасамаған және де оқымағандар 54% -ын құраған [6, 4566].

Жоғарыдағы көрсеткіштерден байқағанымыз көбінесе білімділік деңгейі төмен немесе тіпті білім алмаған әйелдер қылмыс жасауға бейімдірек келетінін байқауға болады.

Осы орайда әйелдердің белгілі бір қызмет саласында жасаған қылмыстарының көлемінен 14,5%-ын алып отырған. Көбінесе олар саудасаттық, материалды-техникалық қамтамассыз ету, белгілі бір бағытта қызмет көрсету аясында жұмыс жасап отырып, қаржы, несиелік, коммерциялық қызметтерін атқара келе қылмыстық талан-таражға салумен байланысты әрекеттерге барған. Осы мәліметтерді зерделей келе, олардың бұл әрекетке тек пайдакүнемдік мақсатты көздеу арқылы барғанын байқауға болады.

Осы тектес қылмыстарды жасаған әйел адамдардың көбі қылмыстық әрекеттерге бару кезінде олар отбасындағы әйел рөлін атқарып жүрген. Алайда бұл әйелдердің көп жағдайда түрмелерге оқшауланып жазасын өтеп жүргенде некелері бұзылған. Тәжірибеде ер адамдардың біршамасы, әйелдері іс-басты болып қоғамнен оқшаулана салысыменен-ақ екінші мәрте үйреніп алып отырады. Сол себептенде қоғамдық қауіпсіздік мекемелерінде болған кездегі жанұяның бұзылуы, сотталған әйелдің түзелуіне, қоғамға қайта шығып оған тәрбиеленуіне барынша кедергі жасары сөзсіз.

Көбінесе өздерінің жаңа туған сәбиін өлтірген әйелдердің біразы тұрмыста болмаған. Себебі бұндай жағдайлар әйелдердің жеке нәпсісін қанағаттандыру салдарынан яғни мұндай қатынасының сәтсіздігімен байланысты орын алып отырған [59]. Осындай қылмыстарға барған әйелдердің көбісінде өздерінің ата-аналарының болмаған жәнеде олар болған жағдайларда ата-анасының ашуынан қорыққандығы салдарынан да өз нәрестесін өлтіруіне әкеліп соққан.

Осындай қылмысты жасаған қылмыскер тұлғасын сипаттау кезінде олардың міндетті түрде жанұяға деген көзқарасын ескерген жөн.

Ю.М. Антонянның пікірінше адамның тұлға ретінде қалыптасып, қоғамға қайшы әрекеттерді жасамауда жанұя рөлінің алатын орны ерекше [60]. Дей тұрғанмен де кей кездерде жанұяның өзі адамды қылмыс жасауға итермелейтініде ойландыратын жайт. Дегенмен жанұяның адам баласының басына түскен қыйын жағдайларды үлкен рөл атқаратынын ескеруіміз қажет.

Айталық, адамның қылмыстық жазасын өтеп жүрген кезде немесе одан босатылып шыққан кездегі жанұяның алатын орны ерекше.

Қылмыскер әйелдердің ішіндегі ең қауіпі категориясы, психологиялық бейнесінің өзгешелігі бар психикалық аномалиялық белгілері бар тұлғалар болып табылады. Осындай қылмыскер әйелдердің тұлғасына ерекше көңіл бөле отырып, қылмыстылықтың себептерін анықтап қол жеткізуге болады. Неге десеңіздер қылмыскердің тұлғасы қылмыс жасаудың себебі және қылмыстық мінез - құлқын айқындап беретін ұғымға сай. Сол себептен де қылмыскердің жеке басының қандай екендігін білу жалпы қылмыстық әрекеттерді болдырмауға үлкен үлесін тигізеді. Қылмыс жасаған тұлғаның жеке басын сипаттайтын сондай-ақ қылмыскердің қылмыстық мінез-құлқына әсер ететін әлеуметтік - демографиялық адамгершілік белгілерінің біртұтас жиынтығын құрастыратын құрал ол қылмыскер тұлғасын сипаттауға келеді.

Қылмыскердің жеке тұлғасын оның ғалымдардың тұжымдаған анықтамасымен байланыстыру үшін тек тұлғаның өзін сипаттайтын қасиеттерімен топтастыра отырып қарастырған жөн. Осы орайда атақты криминолог Н.Ф.Кузнецова қылмыскердің тұлғасының қоғамдағы қасиеттерін зерделей келе, «Қалай қылмыс жасады? – деген сұраққа жауап берсе, әлеуметтік-демографиялық қасиеттерін ескере отырып, "Кім қылмыс жасады?"- деген сұраққа, ал әлеуметтік-психологиялық қасиеттерін ескере отырып, "Неліктен қылмыс жасады? деген сұраққа жауап беретінін көрсетті (Қосымша 2)» [61].

Осы мәселе бойынша да А.Б. Сахаров пен Ю.Д. Блувгейдің пікірлері екіге бөлінді. Мәселен А.Б. Сахаров қылмыскер тұлғасын анықтайтын факторларды «әлеуметтік-демографиялық әлеуметтік психологиялық, әлеуметтік-биологиялық деп үшке бөлсе, өз кезегінде Ю.Д. Блувштейн демографиялық, әлеуметтік, құқықтық психологиялық, биологиялық деп, тұлғаны құраушы қасиеттерді беске жіктейді» [45, 666].

Негізінен белгілі бір қылмысты жасаған әйелдің жеке басын сипаттайтын қасиеттерін жасын, білімін, айналысатын еңбек көзіндерін ескере келе оның психикалық және моральдық жай күйін жан-жақты талдауымыз қажет деп ойлаймын.

Тәжірибеде қылмыс жасаған әйелдердің көбісі жасаған құқыққа қайшы әрекеттері үшін соңынан өз кінәсін мойындап және сезініп, жазасын еңбекпен түзеу мекемелеріне өтеу кезінде өзінің жасаған әрекеттері жөнінде алдағы болашағы жөнінде ой толғандыра бастайды. Осы тектес ойға шомылудың арқасында жеке бойындағы тез қызығушылық қасиеттері жоғарылайды. Зорлық-зомбылық, пайдакүнөндік ниеттегі қылмыстарды жасағаны үшін состалған әйелдерді салыстырғанда, зорлық-зомбылық сипатындағы қылмыскер әйелдердің жеке бойларындағы жоғары белсенділікпен қызба мінезділігі байқалады. Бұл қасиеттердің барлығы дерлік құқыққа қайшы, агрессивті мінез – құлқ мінездердің орын алатындығын айқындайды.

Осылайша ерлер мен әйелдердің қылмыстық мінез-құлқын қатарластыра отырып, ер адамдардың бойында мінез-құлқтың қыйындық қасиеті, ал

әйелдерде олардың мінездерінің қызбашылық қасиеттерінің орын алатынын ескерген жөн. Сонымен қатар, медициналық тұрғыда дәлелденгендей әйел адамдары депрессияға шалдығуға дайын келеді де өздерінің болашақ күйлерін құлазыған кезеңдей көріп отырады.

Сол себептен де сотталған әйелдерге қатысты оларды түшеу шараларын қолданарда олардың ішіне тәрбиелік жолмен түсіндіре отырып, психологиялық-педагогикалық әдіс - тәсілдерді кіргізудің қажеттілігі өте маңызды.

Бұдан бөлек, ерлерге қарағанда әйелдердің сенім қабілеттілігінің деңгейінің жоғары екендігін белгілеп кету қажет. Осылайша сотталған әйелдермен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарының арасына сендіруге негізделген әдістерді қолданатын болса ол жоғары дәрежедегі қорытындыларды беретін болады.

Осы орайда өзінің бір шаңырақ астында тұратын күйеуін өлтірген немесе оған ауыр дене жарақатын келтірген қылмыскер әйелдің қызба мінезінің жоғары деңгейде болуымен, өзінің жасаған қылмысы үшін еш өкінбейтіндігімен ерекшеленіп отыратыны анық. Сондай-ақ, жаңа туған нәрестені өлтірген әйелдің жай-күйін мысал ретінде айтатын болсақ, оның бұндай әрекетке баруының себебі айналасындағы адамдардың айыпталуынан қорқушылығымен байланысты болып отырады.

Жоғарыдағы ғалымдардың пікірінен өзгеше ойды яғни қылмыскер тұлғасының құрылымын зерделеу кезінде мынадай факторлардың болатындығын өз кезегінде Б.В. Волженкин төмендегідей білдіріп кетті:

- 1) қылмыскер тұлғасын қоғам мүшесінің бірі танудағы жалпы белгілері;
- 2) негізінен әр бір қылмыскердің бойындағы қылмыс жасаудағы өзгешелік әр қалай болады;
- 3) қылмыс жасаған тұлғаның жеке себептерімен белгілері болады.

Ю.М. Антонян өз кезегінде қылмыскердің жеке басын зерттей келе оларды құрайтын қасиет-белгілердің жалпы схемасын қосымша кестеге сәйкес көрсетті (Косымша 3) [62].

Осылайша қылмыскер әйелдің жеке басын сипаттайтын қасиеттері психологиялық жай күйін ғана сипаттап қоймай оны тереңінен зерттеуді талап ететіндігін көрсетеді. Қоғамдағы әйел қылмыстылығын болдырмау үшін қылмыскер әйелдің тұлғасын бейнелейтін белгілерді білу қажет. Сол себептен де жоғарыдағы қасиеттерге тоқтала отырып, бұл тектес қылмыстардың алдын-алу үшін алдымен себеп-салдарынан туындаған тұлғаның жеке басының қасиеттерін жетік меңгеру қажет.

Қылмыскердің тұлғасы өзінің қоғамға келтіретін қауіпінен бөлек, оның көлемі мен оны жасаудағы мінез-құлық сипатының орнымен де ерекшеленіп отырады.

Жоғарыдағы ерекшеліктерді ескере келе қылмыскер әйел адамының тұлғасын типтік қасиеттерін төмендегідей топтастыруға болады:

Зорлық-зомбылық әрекеттерді ұстанатын типті, бұзақылық ниетпен кісі өлтіріп немесе адамға айтарлықтай жарақаттар келтірген сонымен қатар басқа да зорлық-зомбылық сипатындағы әрекеттерді жасайтын әйелді айтуға болады.

Пайдакүнемдік мақсатты ұстанатын тұлға –өзінің және жанұясының материалдық деңгейін ойлай келе, пайда табу мақсатында өз мұқтаждығына байланысты қылмыс жасауға баратын әйелдер типі.

Пайдакүнемдік ниетпен зорлық-зомбылық әрекеттерді жасайтын типті тұлға – қоғамдағы көзқарастарды кеңінен меңгерген, өз пайдасын жүзеге асыру үшін құқыққа қарсы күш коллану, тіпті кісі өлтіру арқылы да өз мақсаттарына жетуді көздейтін қоғамға аса қауіпті қылмыскер әйелді айтамыз.

Абайсызда қылмыс жасаушы әйел типіне – өз бойындағы менмендікпен немқұрайлық қасиеттерін игере алмағандықтан қылмысқа баратын әйелдерді айтсақ болады.

Тәуелділікке бара отырып қылмыс жасаушы әйелдердің типі -айталық, есірткіге, ішімдікке салынғандықтан яғни өз жасаған әрекеттеріне жауап бере алмай қылмысқа баратын әйел адамдар.

Осылайша криминогенді мотивациялық бағытталудың сипатына қарай, қылмыскер әйелдің жеке басын төмендегідей ажыратуға болады:

Белгілі бір ситуация кезіндегі әрекет етуші қылмыскер әйел –белгілі бір кезеңнің салдарынан ауыр қылмыс жасап қойған әйелдер.

Кездейсоқ кезеңдерде қылмыс жасаушы әйелдер - өмірлік кезеңдерге байланысты жеңіл қылмыстарды жасау арқылы, криминогенді ситуацияны өзі жасау арқылы, қылмысты жасауға бел буатын әйелдер.

Бұл типологиялар арқылы қылмыскер тұлғаны толыққанды зерттеуде қолдану үшін пайдаланады. Айталық, әрбір қайталама қылмыс жасаған тұлға қылмыс жасауды арнайы кәсіпке айналдырған адамның сипаттамасына сәйкес келмеуі әбден мүмкін [2, 340б].

Негізінен қылмыс пен жезөкшелік мәселесі біріге келе қауіп төндіріп келе жатқан мәселелердің бірі болып табылады. Қоғамдағы жезөкшелікпен айналысатын әйелдердің көбісі ұйымдасқан қылмыстармен байланыста болып келері сөзсіз. Мысалға алатын болсақ, түнгі жезөкшелер жиналатын ойын-сауық орталықтары, моншалар, массаж салондары көп жағдайларда әр түрлі қылмыстық топтарды жасыруды көздей келе құрылғандығын ескере отырып, осы топтардың арасында жезөкше әйелдердің де араласу мәселелері алаңдататын жайт.

Жезөкше әйелдер қылмыскерлермен аз ғана уақыт ішінде тіл табысып олардың қызметтерін пайдаланатын еркектерді қызықтырып өз арбауларына шақыратыны ешкімге де құпия емес. Осылайша оларды алдап қылмыс құралы ретінде пайдаланып келеді де соңында сол жезөкше әйелдердің өздері де осы тектес қылмыстық топтардың жетегінде кетіп отырады.

Қайнар көздерден байқағанымыз өз кезінде жезөкше әйелдерге келіп жүрген еркектерді өлтіріп, тонап жүретін кәсіби қылмыскерлердің болғаны анық [63]. Осындай жолмен түсірген пайданы сол қылмысты жасаған тұлға мен

жезөкше әйел кейіннен бөліп алып отырған. Осыған ұқсас қылмыстарда қазіргі кезде де кездесіп отырады. Мысалға, 2018 жылы Қызылорда облысы Байқоңыр қалалық сотымен азаматшалар «Г» және «М»-ға, сондай-ақ азамат «Е» мен «О»-ға қатысты ҚК-нің 175-бабында көрсетілген қылмасты бірнеше рет жасағандары үшін сот үкімі шығарылған болатын. Бұл қылмыстың фабуласы бойынша азаматша «Г» және «М» ұзақ уақыт бойы жеңіл жүріс жасап, сол өңірдегі қалталары қалың ер азаматтармен алдын ала танысып жезөкшелік қызметтерін атқарып келген. Осы қызметтерін атқара келе олар азамат «Е» және «О» мен алдын ала сөз байласып, жезөкшелерге келген еркектердің ішімдіктеріне «Феназепам» атты дәріні қосу нәтижесінде оларды тез арада ұйықтатып, бағалы заттары мен ақшалай қаражаттарын алып кетіп отырған.

Бұдан бөлек есірткі заттарымен байланысты қылмыс жасаудың ерекшелігі – бұндай қылмыстардың әр түрлі болуында. Есірткі заттардың заңсыз айналынымен байланысты қылмыстарда әйелдердің белгілі бір рөлде бола отырып қатысуы тәжірибеде көп кездеседі. Осы орайда әйелдер бұл есірткі заттарын өткізуші, тасымалдаушы рөлдерін атқарады. Сондай-ақ осы тектес есірткі заттарды тасымалдап, өткізіп жүрген әйелдердің көбісі өздері есірткіні тұтынуға үйреніп алып, есірткіні тұтынуға беріліп кеткен фактілерде аз емес. Негізінен тұрақты түрде есірткі заттарын тұтынатын тұлғалар санасы улану арқасында немесе дене мүшелеріне осындай удың жетіспеуі салдарынан да қылмыс жасап отырады. Бұндай нашақор адамның қоғамдағы алатын орнын, еңбекке деген қабілеттілігін жоғалтып отырады. Салдарынан бұндай әрекеттердің қоғамға қауіптілігі арта түседі. Осылайша әйелдердің қылмысқа бару себептерін бақылай отырып олардың әр түрлі болатынын көре аламыз. Бұл факторлардың әр қайсысын әлеуметтік құбылыс деп танып қана қоймай, ауқымды проблема есебінде қарастыруға жатады. Осы орайда қылмыстық мінез-құлқтың салдарын зерттеумен ғана шектелмей тұтас қылмыстылық мәселесін жіктеп зерделеудің маңызы зор. Сол себептен де әр бір тұлғаның әлеуметтік типін талдаудың маңыздылығы ерекше [64].

Қылмыстылықпен күресудің оң нәти жеке басының типтік дәрежесін зерттеп-зерделеп алу қажет.

Диссертацияның авторы В.А. Казакованың «барлық қылмыстық факторлардың жиынтығымен бірге жасалған қылмыстың сипаты мен мән-жайлары тұлғаның мінез-құқының механизмін, оның қылмыс жасаудағы белсенділік дәрежесін, оған өмір жағдайларының қалай ықпал ететінін анықтауға мүмкіндік береді. Қылмыскер әйел адамды типологиясы бойынша жіктеген кезде осы аталған критерийлер ескеріліп кету керек деген пікірімен келіседі» [65].

Тұлғаның жеке басын айқындайтын түрінің бірі - психикалық, физиологиялық жағынан әбден шаршаған, әлеуметтік хал-аухаты әбден төмендеген тұлға. Бұл тұлғалар шарапты әбден ішіп, қолына түскен табыспен күн көріп, және тұрақты паналайтын орындары да болмайды. Бұл топтағы әйелдер көп жағдайларда ұрлық қылмыстарының кез келген түрлерін

жасайды. Ұрлықтың объектісі ретінде табылатын адамдардың көп шоғырланған орындарында (аэропорттарда, вокзалдарда, базарларда т.б.) иесі караусыз қалдырған ұсақ мөлшерлі заттарды ұрлау арқылы күн көреді. Бұндай әйелдер көбінесе отбасы жоқ, тұрғылықты тұратын жері де жоқ болып келеді және де пайдакүнемдік сипаттағы қылмыстары үшін бірнеше соттылығы бар, ата-ана құқысынан айырылғандар қатарынан орын алып отырады. Бұл әйелдердің жас шамалары 35-55 арасында болуы жиі кездеседі. Білім деңгейлері 9 сыныпты құрап отырады. Көбінесе мұндай қылмысты жасайтын әйелдер өздерінің қылмыстық әрекеттерін алдын-аладайындамайақ, залалдың орнын ойламастан қылмысқа барып отырады. Әйелдердің бұндай әрекеттерге баруына олардың ішімдікпен есірткіге салынғандықтың салдары мен психикалық аурудың белгілері бар, асқынған аурулардың салдары себептері болуы ғажап емес. Әдетте мұндай тұлғалар әйелге тән қасиеттерін жоғалтып отырады.

Кәсіби деңгейде қылмыстарды жасайтын әйелдердің екінші типі – агрессивті-пайдакүнемді тип. Бұл типке жас кәсіби қылмыскер әйелдері жатқызуға болады. Кей кездерде бұлардың қатарына кәмелетке толмаған қыздар да жатқызуға болады. Аталған типтің жас малшері 17-30 аралығында болады. Бұл типтегі қылмыскер әйелдер ер адамдар тобымен құрылған қылмыстық топқа мүше ретінде кіріп барлық қылмыстарды бірлесе жасайды. Негізінен әйелдер бұндай топта ұйымдастырушы, орындаушы, көмектесушінің рөлін атқарады.

Үшінші типке – ұрлық пен алаяқтық қылмыстарын кәсіби түрде жасайтын қылмыскер әйелдерді жатқызуға болады. Бұл типтегі қылмыскер әйелдердің ерекшелігі олар қылмыстарын жалғыз жасайды. Сондай-ақ, қылмысты жоспарлап, жапа шегетін құрбан тұлғаны алдын ала зерттеп, өзі жасайтын қылмыс іздерін жою үшін түрлі шараларды қарастырып, қылмысты жасауға тиянақты дайындалады. Бұндай әйелдердің жас шамалары 30-50 болады. Бұндай әйелдер алаяқтық әдістерін әбден үйреніп, кез-келген адамдардың сеніміне кіре отырып өзіне керек ақпараттарды жинай келе кез келген қылмыс жасаулары мүмкін, себебі олардың мінез-құлық ерекшеліктері осында болып отырады. Сондай-ақ, тәжірибеде өз қылмыстарын жүзеге асыру кезінде жалған құжаттар мен ақша купюраларын пайдалану фактілері де жиі кездеседі.

Жоғарыда айтылғандай, қазіргі заманғы зерттеулер қылмыс жасаған әйелдер арасында психикалық ауытқулары бар адамдардың пайызы ерлерге қарағанда едәуір жоғары, ал жеке адамға қарсы аса ауыр құқық бұзушылықтардың үлесі де маңызды екенін көрсетті [60, 127-128 бб]. Сонымен қатар, әйелдердің қылмыстық агрессиясы мәселелерінің бірқатар теориялық және практикалық аспектілері дамымаған.

Зорлық-зомбылық жасаған әйел әрқашан белгілі бір "қылмыстық" жағдайда әрекет етеді. Қылмыскер өзінің жеке қасиеттеріне байланысты жағдайға белгілі бір өзіндік ерекшелік әкелетініне күмән жоқ, өйткені адам басқа, ұзақ уақытқа созылған жағдайдың қалыптасу әсерінің нәтижесі болып табылады. Бұл мәселені қарауды қылмыс алдындағы жағдайдан бастау керек. Қылмыс алдындағы жағдай-бұл қылмыс алдындағы және қылмыс жасаған

субъектінің жеке қасиеттерімен өзара әрекеттесетін субъект үшін сыртқы жағдайлардың жиынтығы. Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысын талдау криминогендік сипаттағы қылмыс алдындағы жағдайлар мынадай жағдайларға байланысты туындайтынын көрсетеді: 1) қылмыс жасауды жеңілдету мақсатында қылмыскердің өзі жасаған; 2) қылмыс жасау үшін арнайы жасалмаған, алайда оны детерминациялайтын (алкогольдік немесе есірткілік масандық); 3) айналасындағылардың дұшпандық, теріс іс-әрекеттерінің салдары болып табылатын; 4) кездейсоқ жағдайлардың тоғысуы бойынша пайда болған; 5) дүлей құбылыстардан туындаған [66]. Қылмыс алдындағы жағдайдың объективті де, субъективті де мазмұны бар екенін есте ұстаған жөн. Әрине, кейбір жағдайларда криминогендік жағдайдың мән-жайлары оқиғалар өте тез дамиды, әйелдің жағдайды талдауға, ойлануға уақыты болмауы мүмкін, содан кейін ол өздігінен, автоматты түрде әрекет етеді. Бірақ бұл жағдайларда жеке қасиеттердің, моральдық-этикалық көзқарастардың, мінез-құлық стереотиптерінің маңызы зор. Субъект үшін сыртқы (ситуациялық) жағдайлардың детерминациялық мәні туралы мәселе өте күрделі және маңызды.

Сонымен, бұл екі детерминациялық сызық белгілі бір қылмысқа әкеледі:

1) қоғамға қарсы жеке ерекшеліктері;

2) анықтау шеңберінде қылмыс жасауға ықпал ететін себеп пен жағдайдың рөлін жүзеге асыратын қылмыс алдындағы жағдай. Анықтау механизмінде жағдай белгілі бір әйелді қылмыстық әрекетке итермелейтін жағдайлар болған жағдайда белгілі бір зорлық-зомбылық қылмысының себептері ретінде әрекет етеді. Ол өріске, санаға, субъектінің сезіміне әсер етеді, оны қылмыстық әрекеттерге тікелей итермелейді. Бірақ бұл дегеніміз, егер бұл жерде объективті себептер басқаша болса, сыртқы жағдайлар қылмыс жасауға себеп (сылтау) түрінде көрінуі мүмкін дегенді білдірмейді. Себептерден айырмашылығы, қылмыстың жасалуына түрткі-бұл қылмыстың бастапқы криминологиялық құраушы механизмі болып табылатын жағдайлар, шабуыл жасаушыда қылмыс жасауға себеп пен шешім қабылдауға бел буады. Жағдайлардың итеру сипаты оның объективті сипаттамасы болып табылады, ал мағынасы теріс те, оң да болуы мүмкін. Егер теріс серпін көбінесе сыртқы (ситуациялық) себеп – салдарлық фактор рөлін атқарса, онда оң-криминогендік емес жағдайдың құрамдас бөлігі.

Жағдайдың итермелеу сипаты қылмысқа итермелеудің жүзеге асырылғанына немесе жүзеге асырылмағанына қарамастан қалады. Іске асырылған күш қылмыс жасаудың себебі (сылтауы) ретінде әрекет етеді, ал себеп оның итермелеуі негізінде болмауы мүмкін, себеп (сылтау-бұл жағдайдың объективті мазмұнының субъективті көрінісі және міндетті түрде теріс позициядан болады. Криминологияда қылмыс жасау механизміндегі қылмысқа дейінгі (нақты өмірлік жағдай) мағыналары туралы әлі нақты түсінік жоқ. Бұл механизмдерде, әдетте, сыртқы (объективті) және ішкі (субъективті) факторлардың өзара әрекеттесуі бар екендігі даулы емес. Тәжірибе көрсеткендей, қылмыскердің жеке басының қасиеттері мен қылмыстың

алдындағы жағдайлар арасында көптеген қатынастар бар. Демек, жағдай қылмыс механизміндегі детерминациялық (оның ішінде себептік) элемент ретінде белгілі бір рөл атқарады, кейде бұл шешуші рөл атқарады. Алайда, қылмыс механизмінің субъективті факторы толығымен алынып тасталатын ережелер мүмкін емес.

Субъективті қатынас, қозғаушы, қозғаушы элемент ретінде әрқашан болады. Жағдай мен адамның өзара әрекеттесуі болмауы мүмкін, егер оның теріс қасиеттерін іске асырудың соңғы күші бәрін шешсе. Қылмысты тек криминогендік жағдайдың көрінісі арқылы анықтау мүмкін емес, өйткені ол әрқашан жеке адаммен делдал болады. Егер олай болмаса, онда субъектінің кінәсі жоқ, өйткені жағдай таңдау мүмкіндігін қалдырмады. Бірақ бұл жағдайда біз тек қылмыс алдындағы нақты өмірлік жағдаймен өзара әрекеттесуді білдіретінімізді ескеру қажет.

Қылмыс жасау жағдайының криминологиялық және виктимологиялық сипаттамасы біз қарастыратын мәселенің маңызды аспектісі болып табылады. Зерттеудің авторы профессор Д. В. Ривманмен толық келіседі, ол криминологиялық (криминогендік) жағдайды жеке тұлғаны қалыптастыру кезеңінен бастап адамды қылмыс жасауға итермелеген жағдайлардың жиынтығы ретінде анықтайды. Психикалық жағдайдың әртүрлі психо-травматикалық оқиғаларының белгілі бір үйлесімі, не болғанын субъективті қабылдау-мұның бәрі отбасылық жанжал жағдайында көрінеді және отбасы мүшелері арасындағы қақтығыстардың барынша шиеленісуімен сипатталады. Отбасылық жанжал жағдайы әртүрлі мүдделер мен көзқарастардағы қақтығыста көрінеді, тараптар арасында елеулі қарама-қайшылықтардың пайда болуымен бірге жүреді, бұл олардың арасындағы қарама-қайшылыққа әкеледі. Д. А. Шестакованың көзқарасы толығымен әділ болып көрінеді, себебі қылмыстық отбасылық жағдайлардың ерекшелігі оның қылмыскерге қатысты сыртқы жағдайлармен ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке ұстанымымен және жақындарының шеңберіне жеткізу сызығымен байланысы болып табылады. Қақтығысты қарама-қарсы позициялардың, мақсаттардың, қарсыластардың, өзара әрекеттесу субъектілерінің пікірлері мен көзқарастарының қақтығыстарын қарастыра отырып, ағылшын зерттеушісі Э.Гидденс қақтығысқа келесі анықтама берді: «қақтығыс кезінде мен осы күрестің көздері қандай болмасын, әрекет етуші адамдар немесе топтар арасындағы нақты күресті түсінемін, оның әр тарап жұмылдыратын тәсілдері мен құралдары» [12, 120б].

Л. Козердің қақтығысының анықтамасы да кең таралған: "бұл белгілі бір әлеуметтік мәртебеге құндылықтар мен претензиялар үшін күрес, барлығы үшін материалдық "игілік; соғысушы тараптардың мақсаттары бейтараптандыру, зиян келтіру немесе жою болып табылады". Зерттеушілер Р. Мак пен Р. Снайдер суға қақтығыстың болуы тек жоғары белгілер болған кезде ғана тұжырымдалуы мүмкін деп келді):

1) кем дегенде екі тараптың (тараптардың) болуы жеткілікті түрде кеңінен түсініледі: жеке тұлғалар, топтар, мәдениеттер);

2) жанжал оң тапшылық аясында (бір рөлді немесе функцияны екі субъектінің бір мезгілде орындау мүмкіндігі, бұл оларды жарыспалылық қатынасына қояды) немесе "көздердің тапшылығы" аясында туындайды (құқықтық сананың, құндылық бағдарларының тозуының ақаулары байқалған кезде, субъектілер өз талаптарын толық қанағаттандыра алмайды, өзара қолайлы келісімдерге қол жеткізе алмайды;

3) жанжал тараптар бір-бірінің есебінен пайда алуға кездескен жағдайда туындайды; жанжалды мінез-құлқ екінші тарапты жоюға немесе бақылауға қоюға деген ұмтылыс сияқты болады;

4) қақтығыс процесі-бұл конфликтіден кейінгі уақытша үрдіс. қылмыстық отбасылық жағдайдың мазмұны отбасылық қақтығыстарды тым жоғары дәрежеде тудыратын сынақтардан тұрады, сонымен қатар қақтығысушы тараптардың іс-әрекеттері үйлеспейтін және өзара айрықша мақсаттарға қол жеткізуге бағытталуы тиіс;

5) жанжалға қатысты маңызды аспект көшбасшылыққа, үстемдікке ұмтылу болып табылады;

6) жанжалдық қатынастар микро-және макро-әлеуметтік процестердің негізінде жатыр;

7) қақтығыс процесі тараптар арасындағы қарым-қатынасты бұзудың уақытша тенденциясын білдіреді;

8) кейбір жағдайларда қақтығыс қатынастары жүйені бұзбайды, бірақ әлеуметтік нормалар мен бағыттардың өзгеруіне ықпал етеді [53, 294-295 бб].

Әдетте, әлеуметтік қақтығыста 4 кезең бөлінеді: жанжалға дейінгі, жанжал, жанжалды шешу кезеңі және жанжалдан кейінгі кезең. Қылмыстық отбасылық жағдайдың мазмұны отбасылық жанжалдарды тудыратын қайшылықтардан тұрады, олардың шиеленісуінің тым жоғары деңгейі және жағдайды жалпы әлеуметтік, топтық және жеке деңгейлерде қарастыруға болады.

"Қылмыскер-жәбірленуші" өзара әрекеттесуінің сипатын зерттеу құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін қажет, өйткені бұл қылмыскердің қылмыс жасау мән-жайын анықтауға мүмкіндік береді. Зорлық-зомбылық қылмыстарымен "Тараптар" арасындағы өзара іс-қимыл әсіресе айқын көрінеді, жәбірленушінің мінез-құлқы көбінесе қылмыскердің мінез-құлқын бұзуға мүмкіндік береді. Біз Д. А. Шестаков - пен толық келісеміз, себебі қылмыстық отбасылық жағдай проблемасына сәйкес жұбайына қарсы зорлық-зомбылық жасау мәселесі басты орын алады, ал ерлі-зайыптыларды өлтіруді зерттеу жанжалдардың екі негізгі тобын анықтауға мүмкіндік берді: отбасылық қайшылықтар мен коммуникацияларға байланысты. Ерлі-зайыптыларға қарсы ауыр зорлық-зомбылық қылмыстарының негізінде келесі қақтығыстарды жатқызуға болады: а) үстемдік, б) неке адалдығын бұзу, в) бостандыққа ұмтылу, г) пайдакүнемдік; іс жүзінде олар бір-біріне бағынатыны сөзсіз.

Жәбірленушінің бұйрығы зиян келтірушіге зорлық-зомбылық жасаумен байланысты болуы мүмкін. Бұл белгілі бір жағдайларда қылмыскер үшін қылмыс алдындағы криминогендік жағдайдың шешуші элементі болып табылып,

итермелейтін мінез-құлық. Итеруші мінез-құлық құрбаны болуы қарсылық көрсету мүмкіндігімен байланысты емес, бірақ, анық-әрекетке ынталандыру қарымта күштеу. Әрине, мұндай жағдайларда жәбірленуші көбінесе ықтимал зорлық-зомбылыққа жол бермейді, бірақ дөрекі қорлау және басқа да осындай әрекеттермен олардың арандатушылық сипаты оған айқын көрінеді.

Жәбірленушілердің мінез-құлық реакцияларының барлық қарама-қайшылықтарымен оларда әдеттегі, қайталанатын нәрсені бөліп көрсетуге болады, сондықтан белгілі бір жолмен жәбірленушілер криминологиялық тұрғыдан маңызды болып табылатын жағдайларды жіктеуге болады. Жағдайдың виктимологиялық жіктелуінің негізі ретінде әртүрлі негіздерді алуға болады, ең алдымен, жәбірленушіге тән мінез - құлықтың "өткірлігімен" анықталатын қақтығыс дәрежесі, басқаша айтқанда, жағдайларды жіктей отырып, біз ең алдымен жәбірленушінің мінез-құлқының интеграцияланған формаларын жіктеуден бастаймыз.

Жәбірленушінің мінез-құлқына байланысты жағдайларды келесі түрлерге бөлу керек:

1) жәбірленушіні теріс мінез-құлықпен итермелейтін, қылмыскерді қылмыс жасауға итермелейтін, итермелейтін жағдайлар. Іске асырылған жағдайда олар қылмыс жасауға себеп (сылтау) ретінде әрекет етеді. Мұндай жағдайларда жәбірленушінің мінез-құлқы, мысалы, күйеуі, күйеуі-шабуыл, қорлау, арандату, қауіп-қатерді сұрау және т. б.

2) жәбірленушінің оң мінез-құлқы бар мінез-құлықты итермелеу жағдайлары. Бұл қылмысқа арандатпайды, бірақ ол қылмыскердің зорлық-зомбылық әрекеттерін жәбірленушіге ауыстырумен байланысты (мысалы, жасөспірімдердің сынына және қоғамға қарсы және азғындық мінез-құлқына байланысты зардап шеккен адамдардың әрекеттері, маскүнемдікке берілген адамдар тобы).

3) жәбірленушінің мінез-құлқы келеңсіз жайттардың болуын қаламаса да, қылмыс жасаудың мүмкіндігін тудыратын жағдайлар (қаңырап қалған жерде және т.б. жерлерде танымайтын адамдармен алкоголь ішетін адамдар).

4) қылмыскердің мінез-құлқына және жәбірленушіні табуға зиян келтіруге әсер ету тұрғысынан бөлек болатын жағдайлар

Демек, виктимдік мінез-құлықты бөліп көрсетуге негіз бар: 1) теріс, яғни қандай-да бір жолмен қылмысты қоздыратын немесе оған объективті ықпал ететін жағдай туғызатын; 2) қылмыскерге қарсы күресте, қоғамдық қарызды орындауда оң көрініс табады; 3) қылмыс жасауға ықпал етпейтін бейтарап және т.б.

Зардап шеккендердің жеке қасиеттері белгілі бір ситуациялық факторлармен бекітіледі, осылайша олар жіктелуге жатады [66, 496]:

1. *Агрессияны бастамаға алатын құрбандар*, олар негізінен басқа тұлғаларға зиян келтіре отырып, қасақана ниетте қақтығыс жағдайларын туғыза отырып қылмыс жасайды және де өздерінің көздегендеріне жету үшін адамды қорлап не жала жабуға да дайын тұрулары мүмкін.

2. *Әрекеттерінен белсенділік көрінетін құрбандар.* Бұл тұлғалардың әрбір әрекетінен өздері бірінші қақтығыстың орын алуына белсенділік танытып немесе оны танытуға кінәлілерді итермелеп тұратын адамдарды айтамыз

3. *Бастамашылдық жасап тұратын құрбандар,* бұл тұлғалардың өздері өздеріне қарсы жасалып жатқан әрекеттерге түрлі себептер бойынша қарсылық білдірмейтіндер .

4. *Сыни емес құрбандар-*байсыздықпен, өмірлік жағдайларды дұрыс бағалай алмауымен сипатталатын тұлғалар.

5. *Бейтарап құрбандар-*бұл оларға қарсы жасалған қылмысқа қарсы тұра алмағандар.

1. Криминологиялық зерттеу және анықтауға келетін болсақ: а) жиі орын алып отыратын криминогендік аймақтарды, яғни қылмыс жасалынуы ықтимал орындарды, сонымен қатар жиі қылмыстар жасалатын орындарды; б) қылмыстық-атқару органдарының қызметіндегі кемшіліктерді; в) жазаның орындалуын техникалық түрдегі қамтамасыздандыру; г) ұжым тарапынан жіберілетін кемшіліктерді жатқызуға болады.

2. Сотталғандардың жалпы сандық және қандай қылмыстарды жасағандықтары арқылы құрамын қылмыстық-атқарушылық статистикалық талдау.

3. ҚҚМ-нің жұмысындағы тәсілдер.

4. Жоғары тұрған органдар, прокуратура органдарының, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар тарапынан қылмыстық – атқару саласындағы мекемелерінің қызметін тексерулер, қадағалау және түгендеу.

Алдын-алу және жою әдістері ретінде жазаны орындау кезінде сыртқы жағдайлардың әсерін ескеру қажет, мәселен:

1. Қылмыстық-атқару мекемелерін қоғамға сай жаңа техника оның ішінде компьютерлік және 100 пайыздық бейне бақылау камераларымен қамтамасыз ету.

2. Сотталған тұлғаларды бақылауға бағытталған техникалық құралдарының конструктивтік және технологиялық әзірлемелері, оларды жөндеумен байланысты жұмыстар.

3. Қылмыстық-атқару мекемелерінің кадр жұмысы тобымен тиісті шаралар жүргізу яғни арнайы бағыт-бағдарлар арқылы заңгерлерді, психологтарды, экономистерді, инженерлерді қайта даярлауға дейін даярлау жұмыстарын жүргізу.

4. Қылмыстық-атқару мекемелерімен қатар, қоғамдағы қылмыстылықпен күрестегі барлық органдардың күштері мен қаражаттарын орталықтандыру барысында кешенді түрде түрлі шараларды жүргізу қажет. Осы тұста бұл органдар қаражатты тиімсіз пайдаланбай жүргізілетін алдын-алу шараларын алдымен біріге отырып, кешенді түрде зерттеуді талап етеді.

5. 4-бөліктегі көрсетілген мекемелер қызметтері арасында, және қылмыстық атқару мекемелерінің бөлімшелері арасында қызметтік құпиялықты сақтай отырып жедел түрдегі ақпарат алмасуды ұйымдастыру.

6. Сотталғандардың тыныс-тіршілігі үшін жеткілікті қаражат минимумын қамтамасыз ететін тиімді болуы тиіс сотталғандардың еңбегін ұйымдастырудың қазіргі заманғы бағыттарын зерделеу және енгізу.

7. Сотталғандар арасында дене шынықтыру және спорт ісін дамыту.

8. Сотталғандардың көркем өнерпаздығын ұйымдастыру кейбір түзеу мекемелерінде байқауға болатын сотталғандардың жеке журналдары мен газеттерін ашқанға дейін авторлық әндерді, корреспонденттік және жазушылық қызметті көтермелеу.

9. Сотталғандардың танысу қызметінің жұмысын ұйымдастыру.

10. Сотталғандарды түзеуді ұйымдастыру, яғни жазасын өтеушілер арасында тұлғалардың ар-намысы сезімін сақтау мақсатында бұрынғы сотталғандардың жылжымалы қызметін көтермелеу.

11. Сотталғандар үшін оларды тұлға ретінде қызықтыратын адамдармен кездесулер ұйымдастыру арқылы оларды бір ортада бір-бірімен пікір алмастыру, дұрыс жолға түсіп қоғамға ілесу мәселерін талқылау.

Қылмыстың топтық алдын-алу - криминогендік жағдайдың сондай-ақ, қылмыстың сыртқы себептерін игеру мақсатында құрылған немесе қалыптасқан және бейресми адамдар топтарында салыстырмалы түрде ұзақ, бағытталған өзара әсер ету, ұсыныс жасау, немесе өзін-өзі ұсыну бойынша, тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеуді айтамыз.

Бұндай мәселелерге қылмыстық-түзеу органдары қызметінің түрлі бағыттағы жұмыстары кіреді. Олардың әсер ету объектісі бойынша:

а) белгілі жазаны орындау кезінде орын алатын криминологиялық мәселелерді анықтау және оларды есепке алу осы тектес жағдайлардың алдын алу;

б) бастапқыда қылмысты өтеумен байланысты өтетін өмірлік жайттардың дамуын реттеу;

в) психологиялық сыйыспайтын сотталғандарды, қызметкерлерді анықтау және оларды ажырату; сотталғандар мен қызметкерлер арасында туындайтын теріс-эмоциялық өрістерді реттеу; қызметкерлерді топтастыру немесе ҚМ-нің педагогикалық мақсатқа сай ұжымын құру, теріс бағыттағы сотталғандар топтарын ажырату; бейтарап және әлеуметтік-оң бағыттағы сотталғандардың табиғи туындайтын топтарын (отбасыларын) қолдау және дамыту. Қылмыстық-атқару органында эмоционалды-позитивті көңіл-күймен іскерлік микротабиғат құру.

Жазаларды орындаумен байланысты жайттарда қылмыстың топтық алдын-алу құрылысын, оны жүргізетін субъектілері, олардың түрлері, бағыттары мен әдістері құрайды. Топтық алдын-алу субъектілері жазаны орындау кезінде қолданылатын жағдайларға байланысты анықталады. ҚҚМ-де құрылған арнайы топпен және қылмыс жасаған тұлғалармен бас бостандығын шектеу кезінде, психологтар, психиатрлар, психоневрологтар, невропатологтар, ал егерде топтың ішінде денсаулығында айтарлықтай ақауы бар сотталғандардан тұрса, олармен арнайы мамандар жұмыс жасауы қажет; ал егерде жыныстық ауытқулары бар топ мүшелері болса онда олармен сексопатологтар мен сексологтар гомосексуалдармен жұмыс жасауын қамтамасыз ету керек.

Бостандықты шектеуді, және де басқа да жазаларды (түзету жұмыстары және т.б.) орындау кезінде пайда болатын басқарушылық қылмыстық жағдаймен (ұқыпсыздықпен), ең алдымен экономистер, қаржыгерлер, әлеуметтанушылар және инженерлер, әрине, психологтар жұмыс істеуі керек.

Қылмыстық-құқықтық мәні бар шараларды (шартты түрде соттау, жазаны кейінге қалдыру –немесе өтеу), кейбір жазаларды (түзеу жұмыстары, құқықтан

айыру және т.б.) орындау кезінде қадағалаусыз қалудың қауіпті жағдайын басқаруға педагогтар, психологтар қылмыстық-атқару органдарының қызметкерлеріне мейлінше көмектесуі тиіс.

Жазаны орындау кезінде қылмыстың топтық алдын-алу түрлеріне топ аралық немесе тұлғааралық, белгілі топтың ішіндегі, ұжымдық түрде немесе жаппай жұмыстарын жүргізу жатады.

Топтың ішіндегі немесе топтың арасында қауіпті жағдай қалыптасқан адамдар тобымен жұмыс істеу сондай-ақ, топаралық яғни бір типті қауіпті жағдайлары бар адамдар тобының бағытталған өзара әсерін ескере келе қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазаны өтеуде басты назарда ұстауды талап етеді. Негізінен сотталғандардың топтарында әрекет ететін алдын-алудың бұл түрлері шамамен 6-8 апта жұмыс жасайды.

Ұжымдық тип-бұл мақсат үшін арнайы құрылған біртұтас педагогикалық - біртұтас ұжым арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталған, ұзақ, көп жылдық жұмысты қажет етеді, өйткені ұжымды біртұтас өмірлік құндылықтар мен мақсаттар біріктіруі керек.

Жаппай профилактика-бұл ұжымдық тип сияқты жабық және жартылай жабық типтегі мекемелерде ұсталатын барлық сотталғандарға жартылай ессіз әсер ету. Массалық тип әдетте алты айдан бір жылға дейінгі уақытқа, содан кейін қайталануға бағытталған.

Мемлекет пен қоғамның қылмысқа қарсы әлеуетін неғұрлым толық іске асыру қажеттілігі туралы айта отырып, қылмыстың алдын-алу жөніндегі қызмет мемлекеттің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмысқа қарсы күрес бағытындағы бір бөлік ретінде танылуы керек сондай-ақ, белгілі мақсаттары болуы қажет: 1) қоғамдағы қауіпті төндіретін жағдайларға қарсы тұру, қылмыс санының азаюын қамтамасыз ету; 2) қоғамда тыныштық пен тұрақтылық жағдайын мейлінше ұстап тұруға барлық жағдайларды жасау қажет; 3) адамдардың қылмыс жасауына мүмкіндіктерді бермеу, сонымен қатар олардың бостандықтары мен заңды мүдделеріне төнетін қатерлерді жоюға бағытталған шараларды жүргізу; 4) алдын-алу шаралары арқылы адамдарды түзетуді және олардың қайта әлеуметтендіру мәселелерін мейлінше жүргізуге құқылы.

Әйелдің қазіргі қоғам өміріндегі рөлі мен орнын қайта қарау, оның мәртебесін көтеруге, қоғамдағы әйелге арналған негізгі функцияларды жүзеге асыруға көмектесу қажет. Әйелдердің қоғамдағы алатын орнын сондай-ақ жағдайын жақсарту, қоғамның әлеуметтік алға қойған мақсаттарының бірі болуы керек.

Жалпы әлеуметтік ортадағы әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысының алдын-алуға ықпалын тигізетін жұмыстардың бірі ол - отбасына мемлекеттік қамқорлықтың орын алуы үлкен рөл атқарады. Осы орайда біз отбасылық жағдайдың мемлекеттің тәуелсіз саласына айналуы керек деген пікірмен толығымен келісеміз.

Әйелдердің қылмыстық зорлық-зомбылығының әлеуметтік-психологиялық факторларының қатарында моральдық құндылықтарды қайта бағалау, идеалдардың девальвациясы ерекше мәнге ие болғандықтан, Әйелдердің зорлық - зомбылық қылмысын төмендетудің негізгі алғышарты маңызды әлеуметтік институттар-отбасы, азаматтық қоғам және мемлекет-әлеуметтік дамудың негізгі құндылықтары мен басым мақсаттарына айналған кезде институционалдық жүйе мен құндылықтар жүйесі арасындағы сәйкестікті қалпына келтіру болуы керек. Бұл ретте мемлекет пен тұтастай қоғамның идеологиялық функциясының құрамдас бөлігі құқықтық тәрбие болуға тиіс, оның нәтижесі адамның құқықтық мәдениеті болуға тиіс.

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысына арнайы криминологиялық алдын-алу әсерінің проблемаларына және оны жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аудару қажет. Әлеуметтік қолайсыздықтың алғашқы сатысында орын алған мәселелерді уақтылы анықтау және түзету үшін әлеуметтік қауіпті жағдайдағы алдын ала зерттеу жүргізілген отбасылармен және балалармен профилактикалық жұмыстың жаңа нысандарын енгізу қажеттілігі туралы айта отырып, біз бұл жағдайларда бірнеше бағытта жұмыс жасауды қамтамасыз ету керек деген пікірмен келісеміз: «1) отбасылық-тұрмыстық жанжалдарды кәсіби деңгейде шешу; 2) отбасы мәдениетінің және әсіресе отбасы ішіндегі қарым-қатынастың деңгейін арттыру; 3) отбасын қоршап тұрған ортаны сауықтыруға шаралар қабылдау; 4) қоғамға жат өмір салтын жүргізетін және балаларды тиісті тәрбиелеуді қамтамасыз етпейтін ата-аналарға заңда көзделген шараларды қабылдау (Ю.М. Антонян)» [2, 786].

Сол себептен де қамқоршылық және қорғаншылық органдарының профилактикалық функцияларын мейлінше кеңейту қажет. Осы орайда мінез-құлқы мен өмір сүру кезіндегі зорлық-зомбылық әрекеттерін жасау ықтималына ие психикалық ауытқулары бар деген адамдарды алдын-ала анықтау және оны есепке алудың толыққандылығына қол жеткізу, артынан оларға қатысты профилактикалық сипаттағы тиімді шараларды дер кезінде қабылдаудың маңызы зор.

Жеке түрдегі алдын-алу шараларының әсер ету тиімділігін арттырудың маңыздылығын атап көрсете отырып, біз жеке түрдегі алдын-алу іс-шараларын зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаған қылмыскерлердің жеке басының ерекшеліктеріне де, және де олар бағытталуы тиіс объектіге де байланысты ажыратуға мүмкіндіктің бар екенін ескерсек: 1) зорлық-зомбылық қылмыстары үшін сотталған және бас бостандығынан айыру орындарындағы тұлғалар; 2) зорлық-зомбылық қылмыстары үшін сотталған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар; 3) әлі зорлық-зомбылық қылмыстарын жасамаған, бірақ та оны жасауға бейім тұлғалар.

Елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформасы құқық қорғау органдарының бүкіл жүйесіне, және де қылмысқа қарсы күрес стратегиясы басты бағыттарға шоғырлануы және елдегі қылмыстық жағдайды да, заң жүйесі мен әлеуметтік қоғамның барлық салаларының нақты мүмкіндіктерін ескере келе,

бұл мүмкіндіктер кеңейтілуі және таратылуыға жатады. Әйелдер жасайтын зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын-алудың басты белгілері арнайы сипатқа ие болуға және мемлекет пен қоғамның стратегиялық бірігуіне яғни құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам институттарының ынтымақтастана отырып әрекет етулері қажет.

Қазіргі қазақ қоғамындағы әйелдердің зорлық-зомбылығының алдын-алу мақсатында профилактикалық қызметтің келесі негізгі кезеңдерін бөліп көрсетуге болады деп санаймыз:

1. Қылмыстық зорлық-зомбылықтың өзгеретін себептік базасын, қылмыстың өзін жүйелі түрде бақылау және жүйелі түрде зерделей келе олардың жедел және ақпараттық, аналитикалық талдау, болжамдық түрдегі жұмыстарынан бастау ала отырып, тиісті негіздерге ие болуы қажет. Қылмыспен күрес және оны болдырмау жөніндегі бұл салада оның мазмұны, мақсаты, орны, уақыты, қызметтері мен жұмысты жүргізу әдістері бойынша құқық қолдану тәжірибесімен келісе отырып, қылмыс түрлерінің яғни кісі өлтірудің, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірудің алдын-алу жөніндегі қызмет бойынша олардың айырмашылығына байланысты болуы қажет; тонаудың және де қарақшылықтың алдын-алу жөніндегі қызметте өз қарқынымен саналы түрде жүргізілуі қажет; бұзақылықтан туындаған өзге де зорлық-зомбылық қылмыстардың алдын-алу жөніндегі қызмет бұл орайда тиімді шараларды қолдану қажет.

2. Қылмыстың алдын-алу тек құқық қорғау органдарының ғана емес, мемлекеттік биліктің барлық буындарының міндеті ретінде заңды түрде бекітілуі керек.

3. Еліміздегі қылмыстың алдын-алуға бағытталған түрлі бағдарламалық басқару мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Қылмысқа қарсы күресте кешенді республикалық және өңірлік бағдарламаларын дайындау қажет. Арнайы ресурстарды бөлу бойынша тиімді шешімдерді әзірлеу және оларды қабылдау үшін, бұл қабылданған шешімдерге сәйкес бағдарламалар мен іс-шараларды іске асыру үшін алдын-ала зерттелген ғылыми-әдістемелік құралдарды пайдалану қажет.

4. Арнайы жобалардың және де қолданыстағы заңнамалар мен өзге де нормативтік актілердің қылмыспен күрес барысындағы қоғамның әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкестігін анықтау, оларды тиімді жолмен қабылдау мен қолдану нәтижесінде қауіптілік немесе қауіпті емес жағдайларды анықтау мақсатында криминологиялық сараптаманы белсенді түрде зерделеу арқылы пайдаланылуы тиіс.

5. Қоғамымыздағы түрлі арнайы қызметтердің арасындағы байланыстарды біріктіре отырып, алға қойған тапсырманы шешу үшін тиімді іс-қимылды қамтамасыз ету. Осы орайда алдын-алу қызметтің тиімділігі көбінесе қиын отбасылардағы, көршілер мен таныстардың арасындағы шиелініскен қиын қатынастар туралы мәліметтерді жинау мен сұрыптаудың ойластырылған тетігін ұйымдастыруға, дисфункционалды отбасылар мен тұрмыстық зорлық-

зомбылыққа ұшырауы мүмкін адамдарды толыққанды есепке алуға, қасындағы адамдарға қауіп төндіруге байланысты, физикалық қырып-жоюдан туындаған мәселелер негізде осындай қылмыстың алдын-алу және жолын кесу үшін тиісті алдын-алу шараларын қабылдауға байланысты, қызметтік міндеттеріне әртүрлі ұйымдар мен жекелеген азаматтардың қызметін бақылау кіретін құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік құрылымдар арасындағы байланыстарды жүйелік сипатта және де ықтималды шараларды ойластыра отырып, қалпына келтіру қажет деп санаймыз.

6. Осы орайда құқық қорғау органдарының зорлық-зомбылық сипатындағы қылмыстарының алдын-алуға және анықтауға, сондай-ақ, жолын кесу және тергеп-тексеру тиісінше осындай әрекеттерді жасағаны үшін кінәлілерді әділ яғни заңнама талаптарына сай жазалау жөніндегі жұмыстардың тиімділігін мейлінше арттыру. Біздің ойымызша, қылмыспен күрестегі құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіру екі бағыт бойынша жүргізілуі қажет. Біріншіден, зорлық-зомбылықтың орын алғандығын зерттей отырып толыққанды ашу және оны болдырмауға байланысты жолын кесу шараларын яғни бұндай жұмыстарды атқару барысында олардың жан-жақты дайындығын жақсарту, арнайы техникалық құралдармен қамтамасыз ету. Сонымен қатар бұл органдардың құқықтық мәртебесін қарастыратын міндеттердің күрделілігіне сәйкестендіру үшін олар өз қызметтік деңгейлерін жоғарылату үшін яғни мамандықтарын шындай түсу керек. Келесіге келетін болсақ, қоғамдық құқық қорғау құрылымдарын дамыту яғни қызметтік штаттарды оңтайландыру және олардың қызмет түрлерін толыққанды жетілдіру, олардың бағыттаушы тәрбие жұмыстарына белсенді қатысуы. Себебі бұл мекемелер қоғамға барынша жақын және де зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын-алуға және жолын кесуге мүмкіндігі көп.

Отбасылық зорлық-зомбылықтың, отбасылық маскүнемдіктің алдын-алу, балаларды ұрып-соғудан және ата-аналардың қорлауынан қорғауды қамтитын отбасылық инспекторлардың лауазымдарын енгізу арқылы дисфункционалды отбасылармен жұмыс істеудің белгілі бір оң нәтижелеріне сенуге болады.

Алдын алу іс-әрекетінің негізгі салаларына тек жан-жақты құқықтық әсер ету оның жан-жақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ете алады; өйткені қылмыстың алдын-алу, әдетте, әрқашан белгілі бір адам құқықтарын шектеуді қамтиды, сондықтан оны құқықтық нормалармен реттеу заң нормаларынан төмен емес деңгейде жүргізілуі керек.

Жазаны орындау кезіндегі жалпы қылмыстың алдын-адудағы топтық шаралардың негізгі бағыттарына келер болсақ:

1. Сотталғандардың этикалық, құқықтық, эстетикалық, жыныстық, экологиялық, экономикалық, діни, атеистік, рухани және сол сияқты қасиеттерін дұрыс бағдарлау арқылы адамгершілік рухтарын тәрбиелеу.

2. Сотталғандардың арасында кездесетін психоневротикалық ауытқуларға шалдыққан адамдарды, яғни алкоголизммен, нашақорлықпен, уытқұмарлық

аурумен, функционалдық сексуалдық бұзылуларды, сондай-ақ жыныстық ауытқулары яғни аурулары бар сотталғандарды жаппай емдеу.

3. Сотталғандар мен ҚҚМ-нің қызметкерлері арасындағы қарым-қатынастың іштей психикалық шиеленісін, және де тұлғааралық, топаралық шиеленісін кезекті мәселе ретінде қарап, толыққанды реттеу.

4. ҚҚМ-нің қызметкерлерінің жазаларды орындау кезінде кездесетін қиындықтар бойынша біліктілігін арттыру.

Жалпы қылмыстардың топтық бағыттағы алдын-алу әдістері профилактика бағытына байланысты анықталады:

- Белгілі бір ауруға шалдыққан сотталғандардың топтары бойынша психоневротикалық және өзге де ауытқуларды емдеуге бағытталған топтық психотерапия;

- социогигиена, яғни әлеуметтік факторлардың қайта әлеуметтену мақсатында адамдар тобының денсаулық жағдайына әсерін зерттейтін гигиена саласы-әсіресе ҚҚМ-де өзекті;

- психогигиена мидың жұмыс істеуіне оңтайлы жағдай жасау және адамның психикалық қасиеттерін толық дамыту арқылы, еңбек пен өмір сүру жағдайларын жақсарту, көп жақты тұлғааралық қатынастарды орнату, сондай-ақ адам психикасының қоршаған ортаға зиянды әсерлерге төзімділігін арттыру жолдары арқылы адамның психикалық денсаулығын профилактикалық қорғау.

Адамдар арасындағы, тұлғааралық және топтар арасындағы шиеленісті реттеу мәселелерін шеше алатын бас бостандығынан айыру, бас бостандығын шектеу және басқа да жазалар мен қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды орындау кезінде өзекті;

- сотталғандарды тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу, аутотренинг, йога, ұсыныс және өзін-өзі гипноздау бойынша бірлескен сабақтар;

- уағыз-бұл діни тақырыптағы сотталғандарға арналған театрландырылған қойылымдар.

Жалпы қылмыстар бойынша топтық алдын-алу әдістері бұл әдістерді жүзеге асырудың нақты құралы болып табылады және олар келесідей болуы тәртіпте болуы мүмкін:

а) социодрама (лат. socius, жалпы, бірлескен және грек. drama action) - бұл орын алған жағдайлар мен шиеліністердің жеке мағынасын түсіну, жағымсыз әрекеттер мен ішкі шиеленісті жою үшін актерлер мен көрермендер ретінде әрекет ететін өмірде кездесетін топ мүшелерінің модельдеуі, яғни - бұл өзара әрекеттесуге қатысушылар арасында олардың функциялары, міндеттері мен құқықтары туралы келісімге қол жеткізуге бағытталған шағын топ ішіндегі қақтығыстарды болдырмау шарасы. Бұндай шара тұлғааралық және топтағы қатынастарды, ондағы ең типтік жағдайларды модельдеу әдісі бола алады. Осы орайда тиісті шешімдердің дамуына ықпал ете отырып әрі қарайғы сотталғандардың өмірі мен оларды қоғамға бейімдеуге бағытталған дұрыс көріністердің қалыптасуына ықпалын тигізеді;

б) шығармашылық тұрғысындағы қызметке бірлесіп қатысу. Айталық, сотталғандарға мағынасы жоғары сюжеті бар спектакльдер қою, музыкалық сабақтар, өмірден сабақ алатындай, жарқын болашақта өмір сүруге мотивация беретін оқулықтар оқу;

в) мекеме қызметкерлері мен сотталғандардың арасындағы рөлдік ойындары;

г) сотталғандардың топ құру арқылы спорттық ойындары;

д) қызметкерлермен сотталғандар арасындағы бір алаңда бірдей ойын ережесін яғни бірдей құқықта топтық жаттығуларды жүргізу.

Жазаны орындау кезінде қылмыстың топтық алдын-алудың жедел әдістері бар. Әлі тұрақты емес топтарды ыдыратуға болады, мысалы, олардың көшбасшысын бұзу, оның мүшелерін әртүрлі ҚМ-ге бөлу және т.б. қылмыстық субмәдениеттің себептерінің бірі-сотталғандарды оқшаулау, бұл жабық ортаның пайда болуына және оларды сақтауға әкеледі. Бірақ бұл себеп бас бостандығынан айыруды орындаудың ең шарттарынан туындайды. Оларды бейтараптандырудың кейбір жолдары ғана мүмкін. Мысалы, жаңадан келген сотталғандарға оң әсер ететін отбасы мүшелерімен, достарымен және т.б. байланысты қамтамасыз ету. Өзара " қылмыстық инфекцияны "заңда бар жіктеуге қарағанда сотталғандардың неғұрлым терең саралануымен ғана болдырмауға болады, сонымен қатар тұрғын үй өндірістік аймақтарындағы оқшауланған учаскелерді және т.б. қолдана отырып. және, сайып келгенде, топтар ҚҚМ әкімшілігінің сотталғандарға қарсы тұруына байланысты, яғни" біз "және" олар " болып бөлінуі. Мұнда әртүрлі педагогикалық әдістер қолданылуы керек.

Сотталғандар мен қызметкерлер арасындағы қылмыстың топтық алдын-алу әдістері мен әдістері одан әрі жетілдіруді және дамуды қажет етеді, өйткені олардың кең, тәжірибелік қолданылуы мен орындалу тәжірибесінде ғана емес, алдын - алудың одан әрі перспективасы болып табылады, өйткені дәстүрлі субъектілерді жою кезінде топтық-бұл мамандарды қолдану, кең ауқымды, жеке адамдармен бірге, әрі қарай талқыланатын болады.

ҚҚМ-де және басқа да жазалар мен қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларды орындау кезінде қылмыстың жеке алдын-алу әдістерін қарастырыңыз, оларды мынадай топтарға бөлуге болады: 1) сотталғандарды зерттеу; 2) сотталғандардың мінез-құлық ережелерін (әдетте ішкі тәртіп ережелерін) ескере отырып, жазаларды орындау кезінде белгілі бір ережелерден "ауытқуды" анықтау. 3) есепке алу; 4) бақылау 5) оларға әсер ету.

Осылайша, тәрбиешілер тобын басқарудың мақсатты және әлеуметтік-психологиялық қызметтерін міндетті шарт ретінде іске асыру басқарудың бірқатар жедел қызметтерін орындауды, яғни шешім қабылдаудың әртүрлі кезеңдерінде туындайтын міндеттерді жүзеге асыруды сондай-ақ, оны жүзеге асыруды қамтудан тұрады. Бұндай кезеңдерде, әдетте үш шартты тәуелсіз кезеңде бөліп қарауға болады: шешімді "қабылдау", "шешімді орындаушыларға беру" туралы нұсқаулық, сондай-ақ, бұл шешімнің қалай жүзеге

асырылатындығын бақылау. Мұндай сызба кез-келген басқарушылық құрам үшін, оның ішінде сотталғандар тобын басқару үшін, әсіресе пенитенциарлық мекемелердің қалыпты қызметіне нұқсан келтіретін қылмыстардың алдын-алу үшін тиімді болып табылады. Бұл көрсетілген кезеңде басқару яғни психологиялық-педагогикалық шешімінің мазмұнына қарамастан міндетті болып табылары сөзсіз.

Бұл, ең алдымен, оқу циклінің кезеңдері бола отырып, жоспарлау, нұсқау беру және бақылау кезеңдері қазіргі пенитенциарлық жүйеде психологиялық-педагогикалық процестің негізгі компоненттерімен (гностикалық, конструктивті, коммуникативті, ұйымдастырушылық) байланысты екендігімен түсіндіріледі. Сонымен қатар, жоспарлау, нұсқама беру және бақылау кезеңдерінде алдыңғы жұмыс тәжірибесін ескеру, оған байланысты міндеттерді түзету және қылмыстың алдын-алудың неғұрлым тиімді және мүмкіндігінше жанжалсыз жолдарын ұсыну қажет.

Қорытынды

Қоғамдағы мәдениеттің, моральдың алатын орны әйелдің қоғам мүшесі ретіндегі маңыздылығының дәрежесін білдіреді, оның дамуы мен гендерлік кемсітушілік мәселелері, зорлық-зомбылықтың орын алуына ықпал етеді осындай әрекеттердің салдарынан әйелдер қауымын агрессияға шақырады. Диссертациялық зерттеудің авторы отандық және шет елдік криминологтармен, әйелдер қылмысы олардың статистикалық көрсеткіштерін, орын алған нақты қылмыстық әрекеттерді, олардың салдарын, жасау әдістері мен тәсілдерін және құралдарын, қылмыстық мінез-құлық ерекшеліктерін, қылмыс жасауға итермелейтін жағдайларды, сондай-ақ қоғамдағы әйелдің рөлін және жәбірленушіні таңдаудағы яғни виктимологиялық аспектілерінің ерекшеліктерімен толығымен келіседі [72, 382б].

Өздеріңіз байқағандай әйелдермен жасалынатын зорлық-зомбылық әрекеттерінен туындаған қылмыстар өздерінің жасалу тәсілімен, әйелдердің мінез-құлықтарымен ерекшеленіп, ғылымның көп ізденуіне себебін тигізіп отыр. Осындай әйелдермен жасалынған қылмыстардың ішінде зорлық-зомбылық әрекеттерін қолдана отырып кісі өлтіру және денсаулыққа зиян келтіру болса, жасөспірімдер арасында бұзақылық ниеттен туындаған қылмыстық әрекеттер көптеп кездеседі. Тәжірибедегі материалдардан байқағанымыз әйелдер қылмысының санында зорлық-зомбылық әрекеттерінің үлесі 15% құрайды. Мамандардың пайымдауынша соңғы 5 жыл көлемінде зорлық-зомбылық әрекеттерінің салдары әйелдер арасындағы орнын ескере келе, террорлық актілерге қатысу, кепілге алу, отбасындағы бірге тұратын азаматтан жәбір көре отырып оған қарсы зорлық-зомбылық әрекеттерін қолдану салдарынан осы қылмыстардың түрлерін жасауы орын алуда.

Осы орайда әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысындағы өзгерістерді талдау жоғарыда аталған қылмыстардың қоғамдық қауіптілігінің едәуір дәрежесін көрсетеді.

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысының ситуациялық сипаты жағынан алдын-ала дайындалған әрі күрделі, екендігін зерделей келе, соңғы жылдары олармен жасалынған қылмыстар санының азайғанымен, олардың ішінде ауыр қылмыстарын жасаған әйелдер санының жылдан-жылға артып кележатқандығын байқадық.

Әйелдердің материалдық және тұрмыстық тәртіпсіздік, отбасылық қатынастар аясында зорлық-зомбылық жасау ықтималдығы жоғары екенін ескере келе, кінәлі мен жәбірленушінің арасындағы келіспеушілік не бірін-бірі сыйламаушылықтан туындаған әрекеттерде арандатушы фактор ретінде көбіне жәбірленушінің өзі болады, сондай-ақ, оның қылмыстық қоздырғыш мінез-құлқының ерекшелігі орын алады.

Өздеріңіз көріп отырғандай зорлық-зомбылық әрекеттері арқылы қылмысқа баратын әйел адамдардың жеке басының түрлі әлеуметтік сонымен қатар психологиялық жағдайларымен ерекшеленеді. Осы орайда әйелге тән қасиеттер арасынан жыныстық аурулар, жүктілік кезеңі, баланы дүниеге әкелу, баланы дүниеге әкелгеннен кейінгі кезең, етеккір кезеңдерінде әйел бойында аффективті тұрақсыздық пайда бола отырып, салдарынан қылмыстық мінез-құлықтың қалыптасуы әйелдің жеке басының ерекшелігін айқындауда маңызды рөл атқаратынын ескерген жөн.

Әйел адамының бойындағы қылмыс жасауға итермелейтін мінез-құлықтары оның қоғамдық ортада өзін-өзі алып жүруге айтарлықтай әсерін тигізеді. Себебі әйел адам қоғамдағы өмірі барысында білім алады, белгі бір жұмысқа орналасады, тұрмысқа шығады тіпті өзінің туған балаларын тірбиелеуде де оның мұндай мінез-құлқындағы қасиеттері ауқымды кері әсерін тигізері сөзсіз.

Жалпы қоғамдағы жүйке жүйесінің айтарлықтай ауыратын арнайы есепте тұратын ауытқуларға ие қылмыскерлер, дені және жүйке жүйесі сау әйел адамдарынан айырмашылығы бұл әйелдер күнделікті психологиясы бұзылатын және агрессияны қоғамдық қатынастардан оқшау орналасқанында болып отыр. Тәжірибеден байқағанымыз осы тектес мінез-құлыққа ие әйелдер қылмысқа да тез қатыса алады, сондай-ақ жезөкшелікпен де айналысуға бейім келеді.

Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысын зерттеудегі маңызды мәселе-қылмыстық агрессияны құтырту мәселесі. Қылмыскерлердің зорлық-зомбылық әрекеттеріне барулары жинақталған тәжірибемен, ақыл-ой деңгейімен, әлеуметтік сипатымен, және мәдени құрылымдарға байланысты айқындалады. Мұндай әрекеттердің тікелей деңгейі арнайы мақсатты таңдау, алдына қойылған талаптардың сипаты, сәттілік немесе сәтсіздік арқылы анықталады. Өздеріңіз байқағандай әйел адамының қоғамдағы өмірінде кездесетін түрлі кедергілер мен факторлар олардың қоғаммен қарым-қатынасында, күйзеліске түсу, оның ішінде жүйке жүйесінің айтарлықтай сыр беруіне әкеле отырып, оның бойынан

агрессияның элементтерін қалыптастырады. Қылмыс жасауға деген мотивацияны зерттеу сонымен қатар жеке деңгейдегі әрекеттердің ішкі тағдырын яғни себеп-салдарын ашуға мүмкіндік береді. Әйелдердің зорлық-зомбылық қылмысының субъективті себептерін қарастыру барысында, оларды бұдан әрі тәжірибелік қолдану типологиясы барысында мүмкін болады. Әйелдердің агрессивті-зорлық-зомбылықты қамтитын күшейтудің, агрессивті әрекеттің бағыты, жеке тұлғалық қасиеттер негізінде құрылған зорлық-зомбылық әрекеттерін жасайтын қылмыскерлерінің типологиясының алатын орны ерекше.

Бұл типологиялардың практикалық маңызы келесі бағыттарда көрінеді: а) айыпталып отырған адамның жеке басындағы ерекшеліктерін ескере келе, оның белгілі бір қылмысқа қатыстылығын тергеп-тексеру кезіндегі олармен жүргізілетін жұмыстар кезінде; б) айыпталушыға қатысты жедел-ізвестіру шараларын қолданған кезде; в) әйел адамдарының зорлық-зомбылық әрекеттерін қолдана отырып белгілі бір қылмысты жасағандығын ескеріп және оған байланысты осы тектес қылмыстарды болдырмау үшін алдын-алу шараларын ұйымдастыру кезінде; сонымен қатар қылмыскерлердің жеке қасиеттерін ескере келе олардың типтік белгілері бойынша топтастыра отырып, олармен белгілі бір тәрбиелік мәні бар шараларды жүргізу кезінде айрықша байқалады.

Біз жүргізген әлеуметтік зерттеулер зорлық-зомбылық әрекеттерін жасаған әйелдердің орташа жасы 32 жастан жоғарғыларды құрады. Қоғамдағы отбасылық қатынастар, қоғамға қарсы мінез-құлық формаларын игеруге ықпал етті, сондай-ақ, олардың мүмкіндіктерін жүзеге асырудың зорлық-зомбылық құралдарына жол берілетініне сенімді болды.

Ол әйелдердің көпшілігінде орта арнаулы білімдері болған, біраз уақыт аралығында мүлдем жұмыс жасамағандар, болмаса біліктілігі төмен жұмыстарды жасағандар; 25% - ның ұсақ ұрлық қылмыстарын жасағандары үшін тиісті жазаны өтегендер.

Әйелдердің бұндай қылмыстарға баруының бір себебі ретінде Қазақстанда биыл кедейлік шегінің өсуі болып отыр. Мәселен, 2017 жылы оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40% — на тең болды, ал бүгін-50% - ға дейін өскендігін байқауға болады [74].

Сонымен қатар, отбасылық қатынастарды талдауда бұл әйелдердің тек үштен бір бөлігі ғана некеде болғанын көрсетеді.

Жүргізілген талдауларға сәйкес, зорлық-зомбылық жасаушылар агрессивті мінез-құлықтың сындарлы және деструктивті нұсқаларымен сипатталады. Осы тектес мінез-құлық түрлерінің қалыптасуы қолайсыз әлеуметтік-психологиялық және биологиялық жағдайларға ұшыраған кезде пайда болған. Мұндай тапшы формалар агрессивтілігі төмен адамдарға тән, сондықтан қылмыстық агрессия құрылымында сирек кездеседі.

Осылайша, зорлық-зомбылық жасаған әйелдердің жеке басы, олардың мотивациялық саласының ерекшеліктері және мінез-құлық белсенділігі

әлеуметтік қатынастар жүйесі арқылы сынған әлеуметтік және биологиялық компоненттердің күрделі өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады.

Бұл проблемадағы әйелдердің ерекше рөлі олар күштеп қылмыс иеленеді яғни виктимологиялық бағытта орын алады. Онда объектілері бар алдын-алу шараларының екі бағытын бөліп көрсету керек: 1) виктимологиялық жағдайлар (жағдайлардың қалыптасуының барлық кезеңдерінде-жоғары виктимологиялық қасиеттері бар жеке тұлғаны қалыптастырудан бастап виктимогендікке дейін); 2) жеке және топтық деңгейде тікелей әлеуетті және құрбандар.

Байқағанымыздай аталған бағыттардың бірінші бағытымен жұмыс жасауда бұл бағыттың құрамында көптеген қауіпті әрекеттердің болғандығын ескер келе, оған барынша көңіл бөлуді талап ететіндігін ескергеніміз жөн. Ал екінші бағыт бойынша оның ішіндегі қоғамды тәрбиелеу, қоғамның құқықтық сауаттылығын барынша көтеру, мемлекетімізде орын алып отырған жұмыссыздық мәселесімен күрес, оларға жан-жақты әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі мәселелердің алдын-алуға барлық сала болып алдын-алу шараларын ұйымдастыруға көңіл бөлінген; негізінен осы тектес шараларды жүргізуде әсіресе әйел адамдарымен медициналық-психологиялық мамандарының жүргізетін алдын-алу шараларының алатын орны ерекше болады.

Қоғамдық қауіпсіздік мекемелерінде жазасын өтеп жатқан әйелдердің мәселелері бойынша қызметкерлер арнайы криминологиялық шараларды қолдануда жеке қылмыскердің ерекшеліктерін ескере отырып оған тиісті алдын-алу шараларының таңдаудың маңызының зор екенін ескерген жөн.

Осы тектес тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды одан әрі қайта әлеуметтендіру адамға әсер ету нысандары мен әдістерін ойластырылған, ғылыми негізделген, жүйелі түрде жетілдіруді көздейді.

Автор соңғы 5 жылда отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтар санының күрт өсуі қоғамды алаңдататын жайт екендігін ескере отырып, аталған қылмыстардың арасынан әйелдердің өздері отбасында алдымен зорлықпен-зомбылықтың құрбанына айналып, әбден моральдық тұрғыда шаршап, көбінесе мұндай жағдайдан шығудың амалы ретінде, зорлық-зомбылық қылмыстарын жасауға мәжбүр болғанын ескереді.

Көптеген зерттеулерді зерделей келе, әйелдер жасаған зорлық-зомбылық қылмыстары мен оларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық арасындағы тұрақты байланыстың бар екендігін айқындап көрдік.

Біріккен Ұлттар Ұйымының есебі бойынша Қырғызстан Республикасында күйеуін өлтіргені үшін сотталған әйелдердің 70% - ы зорлық-зомбылық көрген немесе жұбайына экономикалық тәуелді болғандығы айқындалған. Дәл осындай статистика бірқатар басқа елдерде бар. Атап айтқанда, Иорданияда, Оңтүстік Африка елдерінде, АҚШ-та, Аргентинада.

Сондай-ақ, осы есепте қоғамдық қауіпсіздік мекемелерінде отырған әйелдерге қатысты және бас бостандығынан айырумен байланысты емес құқық бұзушы әйелдерге арналған жазалау шараларына қатысты ережелерінің 61-

бабында, «сот жеңілдететін мән-жайларды, оның ішінде соттылықтың болмауын, құқық бұзушылықтардың қауіпті емес сипатын, тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары болуы ықтимал отбасы мүшелеріне күтім жасау жөніндегі міндеттерді назарға алуға құқығы бар делінген» [75].

Әдетте, әйелдердің жасаған қылмыстары өзін-өзі қорғау үшін, сонымен қатар сананың уақытша бұлдырлығы, жәбірленушінің арандатуы арқылы жасалатындықтары белгілі.

Мұндай тәжірибе Бразилияда, Гонконгта, Жапонияда, Польшада бар. Тек бірнеше юрисдикцияларда, мысалы, Австралия мен Мексиканың, Үндістанның бірқатар штаттарында әйелдің күйеуін өлтіруі, оған қатысты бұрын тұрмыстық зорлық-зомбылық болған жағдайда, кінәні жеңілдететін жағдай деп танып, бұл елдердің Қылмыстық кодекстеріне түзетулер енгізілген.

Нақ осындай орын алған жағдайлар бойынша Испания мемлекетінде әйелді қылмыстық қудалаудан толығымен босатуы мүмкін.

Жоғарғы зерттеулерді зерделей келе, автор өз кезегінде әйелдерге қарсы, отбасылық-тұрмыстық салада жасалған құқық бұзушылықтардың болғандығын ескеріп, олардың өздерінің қылмысқа баруын итермелеу фактілері бойынша қолданыстағы отандық Қылмыстық Кодекстің қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән жайлар қатарына яғни 53-бабының 1-бөлігінің 10) тармағына, « жәбірленушінің құқыққа қарсы немесе азғындық мінез-құлқының болуы, сол сияқты оның отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында қылмыстық құқық бұзушылыққа әкеп соққан бірнеше мәрте құқыққа қарсы әрекеттер жасауы » кезегінде қылмыстық заңнамаға өзгеріс енгізуді ұсынды (Қосымша 4).

Сонымен қатар әйелдер арасындағы қайталама қылмыс жасау фактілерінің алдын-алу үшін, жазасын өтеуден босатылған адамдарды (әйелдерді) жұмыспен қамтамасыз етудегі (жұмысты бөлу квоталарын орындаудағы) жергілікті атқарушы органдардың қызметіне ұйымдастырушылық талапты төмендегідей шараларды қолдана отырып күшейту керек:

- әкімдердің қызметін бағалау рейтингіне жазасын өтеуден босатылған адамдарды (әйелдерді) жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған квоталардың орындалуы бойынша мәліметті енгізу;

- мемлекеттік еңбек инспекторларымен жазасын өтеуден босатылған адамдар (әйелдер) үшін жұмыс орындарының квотасын орындау бөлігінде, оның ішінде профилактикалық бақылау жүргізу кезінде кәсіпкерлік субъектілерімен жұмысын күшейту. Заң нормаларын бұзу фактілері анықталған кезде еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету;

- үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру арқылы жазасын өтеуден босатылған адамдарды (әйелдерді) жұмысқа орналастыруға бағытталған шараларды бірлесе (тығыз) жүргізу үшін, мониторингтік топтар құру;

- мемлекеттік еңбек инспекторларына ақпараттарды ұсына отырып, «Электрондық еңбек шарттарының» АЖ-не жазасын өтеуден босатылған

адамдар (әйелдер) үшін жұмыс орындары квотасының орындалуын есепке алу және мониторингілеу жүйесін автоматтандыру.

Әйел адамның қылмысына ескерту жасау құқық қорғау органдары үшін манызды болып табылады. Сол себепті, әйел адамның қылмысына ескерту қылмыспен күресу аумағында тұтастай бірге қарастырылып, шешілуі қажет. Мемлекет әйел адамға материалдық көмек және әлеуметтік қолдау көрсетуі, сондай-ақ, әйел адамның табыс табуына жағдай жасауы қажет. Әйел адамның қылмысына ескерту жасау заңдылықты күшейтеді және біздің елімізде құқық қорғауды реттейді.

Елімізде әйел мен баланың әлеуметтік жағдайларын көтеруге бағытталған түрлі әлеуметтік бағдарламаның орындалуы дәл сол кезеңдегі экономикалық жағдай мен тұспа-тұс келіп, әр дайым жаңартылып отырулары қажет.

Осылайша зорлық-зомбылық әйел қылмысының алдын-алу ана мен баланы қорғауды, отбасы институтын жан-жақты қолдауды ескере отырып, қылмысқа қарсы күрестің қоғамдық бағдарламаларына сәйкес жүргізілуі керек, себебі әйелдің қоғамдағы орны да оның адамзат қауымының бастамасы, тәрбиелік белгісінің айтарлықтай орын алатынын ескере келе белгілі бір статуста екендігіне назар аудару қажет. Сонымен қатар, қалай болғанда да жаны нәзік, жүрегі мейірімді, дүниеге сәби әкеліп, ана болуға жаралған әйелдердің қылмыс жасауы әрбір адамнан бастап, қоғамымызды алаңдататын, тек алаңдатып қоймай тез арада түзеуді талап ететін күрделі мәселе. Себебі әрбір қылмыс жасаған әйелдің артында шеттей бала-шағасы, иесін күткен ошағы бар екенін ескеріп, олардың болашағы яғни жаман жолға түспеуі үшін күресудің маңыздылығының зор екендігін ескерген жөн.


Пайдаланылған деректер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика орталығының ресми сайты www.pravstat.kz.
2. Антонян Ю.М., Кудряцев В.Н., Эминов В.Е. Личность преступника. СПб 2004ж. 9бет.
3. Криминология: Оқулық / Под ред. В.Н. Кудряцева и В.Н. Эминова. М.:Юрист, 1999ж.510-511 бет.
4. Змановская Е.В. Девиантология. М.: «Академия», 2003ж. 29-30 бет.
5. Алимов С.Б. Қылмыс жасаған әйелдің криминологиялық мінездемесі. Алматы. 1996ж. 98 бет.
6. Остроумов С.С. Преступность и ее причины в дореволюционный период, Мәскеу, 1980ж. 44 бет.
7. Корзун И.В. Қазақстандағы әйелдер арасындағы қылмыстық жағдайы. Алматы. 1998ж. 85 бет.
8. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. «Әділет» ақпараттық жүйесі.


9. Агрессия и психическое здоровье/ Под ред Т.Б. Дмитриевой и Б.В. Шостаковича. СПб.: «Юридический Центр Пресс», 2002ж. 24 бет.
10. Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының сот кабинеті.<https://office.sud.kz/lawsuit/index.xhtml>.
11. Кушнирук Ю.И., Щербаков А.П. Популярно о сексологии. Киев: Наукова думка, 1985ж. 24 бет.
12. Кутина В.П. Насильственная женская преступность и ее предупреждение., Санкт-Петербург., 2006ж., 29бет.
13. Краф-Эбинг Р. Половая психопатия. М.: Республика, 1996ж.,128 бет.
14. Ломброзо Ч. Женщина преступница и проститутка. Минск.:ООО «Попурри», 2000.486 бет.
15. Горинг Ч. Престипники и преступность. СПб., 1907ж., 824 бет.
16. Насилия и его влияние на здоровье., 97-99 бет.
17. Берковиц Д.Агрессия: причины, последствия и контроль. СПб., 2001ж.,296-297 бет.
18. Крейхи Б. Социальная психология агрессии. СПб.: Питер, 2003 ж., 206-207 бет.
19. Шершень Т.М. Сексуальные преступления.Д: Сталкер, 1997ж., 47-49 бет.
20. Грязнова Е. Анатомия криминала: «И Салтычиха была маньяком»// Милиция,1998ж. №6, 29 бет.
21. Сердюк Л.В. Насилие: криминологическое и уголовно-правовое исследование. М.: «Юрлитинформ», 2002ж.,10-11 бет.
22. Будницкий О.В. Выступление: Женщины-террористки // Женщины террористки в России. Ростов на Дону, 1996 ж., 14-16 бет.
23. Руссо Ж.Ж. Об общественном договоре или принципы политического права. - М.: Соцэкгиз, 1938. - 124 бет.
24. Монтескье Ш. Избранные произведения. - М.: Госполитиздат, 1955. – 302 бет.
25. Гольбах П. Избранные произведения // Соч.: В 2 т. - М.: Соцэкгиз, 1963. - Т.2. - 563 бет.
26. Спиноза Б. Избранные произведения // Соч.: В 2 т. - М.: Госполитиздат, 1957.-Т. 2.-631 бет.
27. Усачева Н. Культурно-исторические источники дискриминации женщины в современном Казахстане // Отчет о положении женщин в РК. - Алматы: Мальвина, 1997ж. 10-14 бет.
28. Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан. Президент. Институт демократии. - Алматы: Жеті жарғы, 1996ж. 208 бет.
29. Кемали М. Насилие над женщиной в семейно-бытовой сфере и его исторические предпосылки // Материалы международной научно-практической конференции: Проблемы борьбы с преступления в контексте национальной концепции права, посвященной памяти первого проректора КазГЮУ, д.ю.н., профессора Е.Г. Джакишева. - Алматы: КазГЮУ, 2002. 131-137бет.

30. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. - М.: тов. «Клышников-Комаров», 1993ж.514 б.
31. История Казахстана с древнейших времен до наших дней: Очерк. - Алматы: Дәуір, 1993ж.,416б.
32. Зиманов С.З., Өсеров Н. Казак, әдет-ғұрпына шарияттын әсері. - Алматы: Жеті жарғы, 1998ж. - 128 бб.
33. Сапарбаева Д.С. Конституционно-правовые основы защиты прав и свобод человека в Республике Казахстан: дис. ... канд. юрид. наук. - Алматы, 2000ж.147 б.
34. Еркин Абиль. История государства и права Республики Казахстан с древнейших времен до начала 20 века: Курс лекций. - Астана: ИКФ Фолиант, 2000.- 188 б.
35. Алимжан К.А. Вопросы теории обычного права: Монография. - Алматы: Әділет, 2003ж. - 320 б.
36. Назарбаев Н.А. В потоке истории. - Алматы: Атамұра, 1999ж. – 296б.
37. Корзун И.В. Преступность среди женщин в Казахстане. - Алматы: Жеті жарғы, 1998ж. - 192 б.
38. Өзбекұлы С. Көшпелі казак өркениетінлегі құқы. Право кочевой цивилизации казахов: Монография. - Алматы: Мектеп, 2002ж. -224 б.
39. Сарсембаев М.А. Мусульманское право. - Алматы: Данекер, 1999ж.-256 б.
40. Лебедева О. Об эмансипации мусульманской женщины. - СПб., 1900ж. - 45 б.
41. Агаев М. О женщине по исламу и в исламе. - Тбилиси, 1910ж. - 54 б.
42. Остроумов Н.Н. Современные правовые положения мусульманской женщины. - Казань, 1911ж. - 53 б.
43. Климович Л.И. Ислам и женщина. - М., 1958ж. - 47 б.
44. Пальванова Б.П. Эмансипация мусульманки. - М.: Наука, 1982ж. -304 б.
45. Могилевский А.Л. Охрана прав женщин в Туркменской ССР. - Ашхабад: Ылым, 1979ж. - 188 б.
46. Гафарова М.К. Духовный облик женщины Советского Востока. - Душанбе: Ирфон, 1969ж. - 207 б.
47. Сапаралиева С.М. Правовой статус женщины в обычном праве казахов // Материалы международной научно-практической конференции: Актуальные проблемы борьбы с преступностью на современном этапе. - Алматы: ООНИиРИР Академии МВД РК, 2003ж. - Ч. 2. 177-186б.
48. Казахи. Историко-этнографическое исследование / Под ред. М.К. Козыбаева, Х.А. Аргынбаева, М.С. Муқанова. - Алматы: Казахстан, 1995ж. - 352 б.
49. Фукс С.Л. Обычное право казахов в 18 в. и в первой половине 19 в. – Алма-Ата, 1981ж.- 224 б.
50. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми сайты. Баспасөз орталығы.

51. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. «Әділет» ақпараттық жүйесі.
52. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Кодексіне түсіндірме. Жеті жарғы. Алматы қ., 2015ж., 250-252 бет.
53. Беляева Н.А. Оқулық// Криминология., 80б.
54. Фрейд З. «Массовая психология и анализ чклопического Я». Мәскеу қ. 1926ж., 125б.
55. Петровский А.В. Социальная психология. Мәскеу қ., 1989ж., 82б.
56. Фельдштейн Д.И. Указ. Соч. 23-25 бет.
57. Рубинштейн С.Л. Принципы и пути развития психологии. Мәскеу қ., 1959ж., 119-120б.
58. Самовичев Е.Г. Убийство: психологические аспекты преступления и наказания. Мәскеу қ. 1988ж. 79б.
59. Чокина А. Проблемы предупреждения убийств матерью ребенка, Автореферт дисс, канд.юр.наук. Алматы қ. 2000ж., 86б.
60. Антонян Ю.М. Преступность среди женщин, Мәскеу қ. 1992ж., 69б.
61. Зерцало М., Криминология. Учебное пособие., 1996ж. 45б.
62. Курманбекова С.М. Проблемы женского наркотизма. Автореферат дисс.канд. юр.наук. Алматы қ., 2000ж., 75б.
63. Хотченко Ю.М. Проституция и преступность, Мәскеу қ., 1991ж., 317б.
64. Курс советской криминологии, Преступность и ее причины. Преступник. Мәскеу қ. 1985ж., 450б.
65. Казакова В.А. Назначение и исполнение наказания в отношении женщин, осужденных. канд.д. Мәскеу қ., 1984ж., 390б.
66. Ривман Д.В., Устинов В.С., Виктимология. СПб.: «Юридический центр Пресс» 2000 ж., 21б.
67. Чистова Э.Е. Криминальная агрессия и ее предупреждение. 2005ж. 128б.
68. Фокс В. Введение в криминологию. М.: Прогресс, 1985ж., 246б.
69. Голик Ю.В. Случайный преступник. Томск қ. 1984ж., 76-77б.
70. Горяинов К.К. Указ. Соч. 24б.
71. Кудрявцев В.Н. Стратегии борьбы с преступностью. Мәскеу қ. 2003ж. 17б.
72. Алексеев А.И. Указ. Соч. 125б.
73. Сахаров А.Б. Социальная система предупреждения преступлений// Советское государство и право. 1972ж. №11. 70б.
74. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы
75. Ақпараттық ресурс: Women who kill in response to domestic violence: How do criminal justice systems respond? A multi-jurisdictional study by Linklaters LLP for Penal Reform International Режимдоступа: <https://cdn.penalreform.org>.

Қосымшалар*Қосымша 1***Әйелдермен жасалған ұрлық қылмыстары. ҚР
ҚК-нің 188-бабы бойынша**

■ 2017 ЖЫЛ ■ 2018 ЖЫЛ ■ 2019 ЖЫЛ ■ 2020 ЖЫЛ

**Әйелдермен жасалған тонау қылмыстары. ҚР
ҚК-нің 191-бабы бойынша**

■ 2017 ЖЫЛ ■ 2018 ЖЫЛ ■ 2019 ЖЫЛ ■ 2020 ЖЫЛ

Қосымша 2

Қалай?	Кім?	Неліктен?
Әлеуметтік рөлдік қасиеттері	Әлеуметтік-демографиялық қасиеттері	Әлеуметтік-психологиялық қасиеттері
Қылмыскер Құқық бұзушы Еңбеккер Отағасы Белгілі бір топтардың мүшесі	Жынысы Жасы Білімі Әлеуметтік топқа жатуы Материалдық жағдайы Азаматтығы Жан саулығы	Құқықтық психология Еңбек психологиясы Тұрмыстық психология Адамдармен қарым-қатынас психологиясы Өзін-өзі бағалау

Қосымша 3

Мінездік қасиеттер және өзге де психологиялық ерекшеліктер	Адамгершілік ерекшеліктері мен бағдарлары, адамгершілік ұстанымдары
Кәсібилігі, іскерлігі, білімі	Өзі туралы ойы, өзіне деген көзқарасы
Қоршаған орта туралы ойы, оған деген көзқарасы	Жынысының, жасының, денсаулық жағдайының әлеуметтік аспектілері
Биологиялық фундамент (іргесі)	